

**КАБДОЛАШЕВА**  
**Гулмарал Наурызбаевна**

# **МҰҚИЛАШЫМ – МЕНІҢ МҰҢЫМ**

**(Көркем шығарма)**



**Алматы**  
**2018**

**ӘОЖ 821.512.122**  
**КБЖ 84 (5 Қаз)**  
**Қ 13**

**Қабдолашева Г.Н.**

**Қ 13** Мұқилашым – менің мұңым: көркем шығарма /  
*Г.Н. Қабдолашева.* – Алматы: «Бастау», 2018. –  
108 бет.

**ISBN 978-601-06-4848-7**

Көркем шығармада алты алашты тентіреткен ашаршылық апатынан аман қалу үшін, атамекеннен алыс Ресей еліне қоныс аударуға мәжбүр болған жандардың тарам-тарам тағдырлары терілген. Басты кейіпкер жолай жалғыз қарындасынан ажырап, артынан әкесінен мәңгілікке айрылады. Осылайша, жат жерде жетімдіктің күйік күнін кешеді. Талай рет ажал аузынан аман қалып жүрді. Ол алдымен ашаршылық, артынша соғыспен арпаласып, шыңдала, ширай түссе де, іштей жаралы еді! Оның жан дауасын жазар бір-ақ дәру бар! Ол соны таба алды ма?! Әлде іздеумен өмірі өтті ме?! Сол сияқты кітап украин ұлтының тумасы Васян мен қазақ қызы Әсияның мұнды махаббаты, әкесіз өскен Саня есімді жас баланың күйбің тіршілігі туралы сыр шертеді.

**ӘОЖ 821.512.122**  
**КБЖ 84 (5 Қаз)**

**ISBN 978-601-06-4848-7**

© Кабдолашева Г.Н., 2018

# Мұқилашым —

## менің мұңым

*Тол туындымды көркем сөз кереметіне қиштарлығымды оятқан аппақ әжем — Қанева Мұқиланың әруағына айрықта алғыс, сары мұң, сағыныш сезімімен арнаймын.*

*Сонымен қатар, осы кітап назамы атам — Жұмағалиев Аманғалидің өмірінен алынғандығын, яғни жіпке тізіліп жинақталған шынайы оқиғалар желісімен жазылғандығын мәлімдеймін.*

## Алғы сөз

Қыл қаламымды қолға алып, көркем әдебиеттің әсерлі де, әсем әлеміне ену, менің балалық бал арманымның басы болатын. Бүгінде отыз жыл бұрын қиялымда қанат алған алғашқы кітабымның мұқабасы «Мұқилашым — менің мұңым» аталып, Құдайдың қалауымен қалың қауыммен қауышпақшы. Туындымда ағысы сатқындық пен сүйіспеншілік, жақсылық пен жамандық, арпалыс пен алданыш қатар жүретін, періште емес, пенделер пана-лаған өмір өзенінен жас кезінде көз жазып қалған «жар дегенде жалғыз» қарындасын іздеп-табу тағдыр еншісіне бұйырған ердің тұлғасын сомдадым.

Басты кейіпкерім алты алашты аздырған ашаршылықты, артынан қан майдан Ұлы Отан соғысын басынан кешіп, не бал дәурен балалық шақтың, не жайдарлы жастық кездің дәмін толыққанды тата алмай қалды. Бүкіл жақындарынан, оған қоса қарындасынан тірідей көз жазып, жетімдер күйін кешті. Атамекенінен алыстап, Ресей асуға мәжбүр болды.

Ол жас болса да наркеске қазақ батырларына тән табандылықпен тағдырдың ұйытқып берген төмпіштеріне төтеп берді, жеңілмеді, жасымады! Қайта отқа балқытылған алмас қылыштай жүздеде түсті. Бірақ, табиғат заңдылығына сәйкес, адамның жаны мен тәні неғұрлым шыңдалған сайын, жүрек жалаңдайды, жараланады, осылайша алақандай мүшені орындалмаған арман-міндет уайымы басады. Сырт көзге тажалдан да тайсалмас темір кісідей көрінген менің кейіпкерім, іштей, сол отызыншы жылдардағы жарым жүрек – жетім бала болып қалған еді!... Оны сол сұмдық жылдардан жұлып алып, жан дауасын жазар бір-ақ дәру бар! Ол соны таба алады ма?! Әлде іздеумен өмірі өтті ме?!

Бұл шығармаға, әжем – Қанаева Мұқиланың, анам – Қабдолашева Орынсұлу, ол кісінің туған әпкелері – Өтетлиева Күнсұлу, Есенғалиева Жансұлу және Өтекешова Баянсұлудың естеліктері негіз болды.

Көп түн көз ілмей, жүрек пен жанымның елегінен өткізе, қара сөзден қаланған еңбегім Сіздердің көлдей тұнық көңілдеріңізден шығады-ау деген дәу дәмеге иемін. Ендеше, өткен мен күткенге саяхат шегу мүмкіндігін сыйлаған құдіретті кітап парақтарында кездескенше...



## Бірінші тарау



*Бұл жалғаннан жүрегім жараланды,  
Жараланып, жанарым жасқа толды,  
Жараланып, саймайға ақ шам қонды,  
Жараланып жүзім де ерте-ақ солды.*

Желдің суық ызғары ма, әлде менің тесік кеудешемнің кесірі ме тұла бойым қалшылдап, тісім тісіме тимей тоңып барамын. Сонда да әкемнің: «Сен жігітсің, жігіттер жыламайды, төзімді болуың керек!», – деген сөзі құлағыма келіп, өз-өзімді, «шыда жаным, шыдай түске» келтіріп, жігерлендірудемін. Қалайда жұмыс табу керек?! Оның үстіне жан-жағымда жаратқанмен жарыған жан жоқ. Өңкей өзім секілді апаршылық пен тағдыр тозағынан табан тоздыра одан-бұдан қашқан әртүрлі ұлттардан жиналған бейбақтар. Иә, бұл – отыз екінші жылдың қазан айының қарашаға таяған кезі. Тек қазақ жерін емес, бүкіл Кеңестер Одағын аштық пен індет жайлап, қара түнек басқан кезең. Қасымда ақкөңіл, үнемі күліп жүретін украин ұлтының тумасы, менің жолдасым Васян отыр. Ол Еділ толқындарынан көтерілген бозғылт бұға телміріп, қабағынан қар жауып, қос қасы түйісіп кетіпті. Васяның мұндай күйін бұрын көрмеген мен, тоңып отырсам да, еріксіз ішімнен мырс еттім. Жолдасымның сынған қабағына



кішкене болса да, жігер отын беру оймен: «Ничё брат, все у нас будет отлично, мы оптимисты, а оптимистам когда-нибудь повезет, вот только вопрос когда?!», – дедім. Бұл қалжың аралас сөзім сенімсіз шықты-ау деймін, Васян маған мысқылдап: «Верю, верю, лишь бы когда ноги не откинули!», – деді де, бұрынғы кейпін танытып, ыржалаң ете түсті.

Біздің Ресейдің кішкене порттық қаласында жұмыс табу ниетімен жүргенімізге бір жылдан асты. Екеуміздің де әке мен шешеден, туған бауырларымыздан тірідей көз жазып, жетімдер қатарына қосылғанымызға талай болды. Менің әкем атамекеннен аяқ ала, осы елде дерттен өлсе, шешем, ауылда ашаршылық пен күйбің тіршіліктің тауқыметінен көз жұмғанына бірталай уақыт өтіпті. Шешемнің жалған жарықтан еш қызық көрмеген және оны күтпеген мұнды да, шаршаңқы жүзі, жылдар өте менің санамнан шүбә бір өтірік түстей ұмытыла, сағымдай бұлдырап алыстап бара жатқандай. Анда-санда көңілім құлазып, кеудемді қара тас басқанда, маған ең ерекше жанның ескі елесін, күшпен көз алдыма әкелемін. Осылайша, өлді болған жақынымнан жұбаныш іздеймін.

Дәл осы бір шақтағы бүкіл мұңым да, жүрегім мен жан дүниемнің жарасы, көзімнің жасы, өмір сүруге, еңбек етуге, бұл қу жалғаннан қуалап кетуіме жол бермей жүрген, жанымда жоқ, бірақта бүкіл сана-сезімді жаулап алған, алға итерер алып күш иесі – менің кішкентай, төрт жасар қарындасым – Мұқилашым, бұйра басым. Оның сүйкімді бейнесі мен қарақаттай қара көздері есіме түскен

сайын, ішімді у жалмағандай түншыға, жанарым жасқа булыға: «Балапаным, қозым, кішкентай қарындасым! Қайдасың? Қайдасың?!... Қалай тапсам?! Қалай қанатымның астына алсам?!» – деп құсалана қайталап, жаралы жануардай жер жүзіне симай кетемін.

Мен жан-жағы жасыл бақ болған, арнасы бағалы балыққа толған, жайық өзенін жағалай орын тепкен Сарытоғай\* ауылында тұрдым. Жастайымнан қасиетті өзеннің толқындарын тамашалап, алғаш жырымды, мұнымды соған шертіп, қолыммен ақ шабақтарын ұстап, қара бүлдіргендерін теріп жеп өскен жас өркенімін. Қазіргі таңда Құдайдың ба, әлде, басқа бір құдіреттің бе, әйтеуір, белгісіз біреудің айдауымен туған мекеннен шет кеттім...

Алты алашты жалмаған алапат ашаршылық келді.

Пәлекеттің басталуын, отызыншы жылдың басында үйімізді асырап отырған сүтті ала сиырды суара барғанда, Жайықтың мұзы жарылып, суға кетуімен байланыстырамын. Сол жолы ауыл адамдарының көбісінің мүйізді малы мұз астында қалды. Артынан жыл өтпей жамандықтың жалғасын, ауыл төрағасы пұшық Мұхит алып келді. Елді қолындағы мөр басылған қағазбен қорқытып, соңғы малына дейін жинап алды. Ол жылдары солақай саясаттың кесірін біздің ауылдан басқа, жақын-алыс бүкіл қазақ елі тартып жатқан еді.

---

\* Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жанама ауылындағы орта мектептің атауы.

Сталиндік – Голощекиндік реформа бойынша, шаруалардың жекеменшігін тәркілеу мен жою, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын жаппай және күшпен отырықшыландыру науқандары басталып кетті. Салдарынан талай отбасы ойран, сансыз адам «оттай ыстық Отаннан» аласауға мәжбүр болды. Мұхит бір күнде ауылдың малын жинап, үкіметтің үлкен қорасына жемсусыз қамаған болатын. Екінші түні елдің бүкіл қарасы қораға қаңтарылған күйінде өртеніп қырылды. Өрттің себеп-салдарын үкімет те, Мұхит та, малдан айрылып зар жылаған халық та білмей кетті.

Әжем жаумінезді жан болатын, бұрынан суқаны сүймейтін пұшық Мұхитты көрген сайын: «Әй, пұшық, бала кезінде ат мұрныңды емес, басыңды таптап кеткенде, осыншама қара қазақ жан садағасы, малынан айрылмас еді», – деп, көптің кеудесінде жүрген, бірақ, көмейіне жете қоймаған сөздерді сескенбей айтып жататын.

Өншейінде елге әңгір таяқ ойнататын төраға, әжемді көзі шалса, теріс айнала, арғы көшемен кететін. Биліктің көмегімен қарт анама күш көрсетейін десе, ел ішінде ертеден ерген, «Ата-бабалары шайтанды айдап, жұмысқа салған аруақты әулет болған-мыс» деген қауесеттен қорқып, бір жағынан жылдар ағымына шыдамай шашын ақ шалған шешеймен шиеленісіп, ел алдында өз абыройынан айрылғысы келмей, бықсыған шаладай, іштей тынып жүре берді.

Алып алапаттың азуын біз сол жылдың қысында сездік, бұрыннан арнасы сазан, жайын, шор-



тан, қызыл балыққа толған Жайықтан, қармаққа бір қара балық ілінбеді. Кәрі өзен пұшық Мұхитқа, әлде басқа біреуге ренжіді ме білмедік?! Сол жылы ауыл адамдарына қойнауындағы қазынасынан татырмады. Түнделетіп шоланда дайындалып, дәмі таңдайдан кетпейтін, қара икра да дастарханнан бұлбұл ұшты. Қыстан әзер шыққан қалың ел, көктем келісімен бала-шағасымен өзен жағалай қарға – сауысқан жұмыртқасын іздеп кетті. Тіске басар шөп-шалам, жеміс-жидек теріп, солармен жүрек жалғай өмір сүрді. Үлкендердің айтуынша, Торғай, Қостанай өңірлерінде адамдар ас таппай, жаппай дүние салған. Кейбірі шарасыздан өлген ит, жәндік, тіптен адам еттерін жеп, ашаршылық азабын әбден тартып, адам кейпінен адасқан. Соны ести отырып, біз, Жайықтың жағасында дүниеге келгенімізге тәубә етіп, жанымыздың жартысы болған өзі дархан, өзі дара – ескі өзенді одан да қатты қасиет тұттық.

Мамыржыған мамыр айының ортасында отбасымды зар соқтырып, беделі таудай биік, ақылы дариядай терең, біздің асыл әжеміз өмірден озды. Артынан көп ұзамай, жұқарған көңілімізді, мыжылған мысымызды одан әрі жер қылып, анамыз бақилыққа кетті. «Әкесіз жарты жетім, анасыз тұл жетім» деген сөздің мәнін сол қара күннен ұқтық. Әнсіз анамен әрленіп, үнсіз махаббат пен мейрімге толып тұрған қара шаңырағымыз бір күнде қаңырап, суық тартып қала берді. Әкем, есі мен тілі енді келген кішкентай қарындасым және мен үшеуіміз артынан қапаланып қала бердік. Жылап жаста солды, өкініш пен өксікке өкпе толды. Амал не-

шік?! Өлгеннің артынан өлмек жоқ, жапырақтай жанымызды жаратқан алмаған соң, тірілер арасында тауқыметпен күресіп, көңілсіз таң атырып, кеш батырдық.

Ауыл адамдары ақ пен еттің дәмін мүлдем ұмытқан ауыр күндер туды. Елдердің быламық жасар бидай, тарысы да бітіп, үй көрмейтін ойын балалары бүксеңдеп, кезінде төрт түлік мал жаратқан шөп, өсімдік тамырларын іздеп-жеп, жан бақты. Солардың қатарында мен бармын, құстың жұмыртқасын тапсам, құдды бір қазына тапқандай мәз болам, үйге қарай шапқылаймын. Өйткені, мені көзі бақырайып, бұйра шаш, жартылай аш, бүлдіршін қарындасым күтіп отыр. Ол аяқ дыбысымды естіген бойда, қуана, қолын шапалақтай жөнеледі. Әжесінің быламығын сағынған-ау деймін, тамақ аузына барғанша, «быамық, быамық» деп жан таптырмайды. Ал далаға кетерде мені қимай, қолыма жабысып, шыңғырып жылап қалатын. Сол себептен де ол ұйықтап жатқанда, далаға кетуге тырысамын. Сосын таңнан кешке дейін ауыл балаларымен тоғайды әрлі-берлі кезіп, Жайықтың арғы-бергі жағын сүземіз, кім қандай су жыланын айырмен ұстағанын мақтана айтамыз.

Жайық жағалауында адам өтпес қалың қамыс, жасыл жыңғыл өседі. Аталарымыздың айтуынша, міне сол жерлерді ертегідегідей алып айдаһарлар мекендейтін көрінеді. Олар адамды шағып емес, орап, буындырып өлтіреді екен. Бала көңіл бір сәттерде қарын қамын ұмытып, сол айдаһарды ұстауды армандауға көшетін. Тоғай аралап жүріп, талай рет жабайы доңызбен бетпе-бет кездестік.

Бұрындары бізге қарай жүгіретін хайуан, жұт келгелі адам көрсе артқа қарай қашатынды шығарыпты. Қыс басуымен қырларда қасқыр қаптап, қойшылардың мазасын алушы еді, енді олар да ізтүссіз жоғалған. Талай рет борсық немесе тағы басқа аңдар қанжығаға байланар деген оймен, қолдан қақпан жасап едік, ол да жарамады. Солай бірде аш, бірде жартылай тоқ күндер кештік. Ауылда жаңа туған сәбилер, сүтке жарымай, қырқынан шықпай, шетінеп кетіп жатты. Бұрындары көре сала көрісіп, хал-ахуал сұрасатын халық, «анау қайтты, анау көшті» деген сөздерден көңілдері қалған ба?! Көрсен де, көрмеген кейіп танытып, теріс айналып кетуді шығарған. Көшелер қаңырап бос тұр. Көбісі осы қыстың қаупін ерте түсініп, тіршілігі бар, қысы жұмсақ, елді-мекендерге, дүние мүліктерін керек қылмай, көз алдымызда көшіп жатты.

Қара айғырына мініп алып, елді аңдитын Мұхиттың да бұл күндері қарасы көрінбейді. Аштық оған да оңбай тиді-ау деймін?! Төрағаның көңіл-десі, күйеуге шықпай жатып, жесір атанған, талай еркектің көз құртына айналған, аққұба жүзді, сұңғақ бойлы, езуінен үнемі күлкі кетпейтін және осынысымен қарт-жасқа жаға білген, біздің ауылдың бірінші сұлуы – Бағыла жаңа туған сәбиімен белгісіз дерттен қайтыс болды. Бағыланың баласы Мұхиттан, ол төрағаның бедел-ауқатына қызығып, көңіл қосыпты деген қаңқу сөздер ел арасында баяғыда тараған. Оның үстіне Мұхит та күні-түні жесірдің жер тамын айналшықтап жүріп алатын. Артынан елдің сөзі тиді ме, әлде оларды әйелі

Айманның көз жасы мен қарғысы қақты ма, ару келіншек он күнге жетпей шақалағымен бақилық болды.

Біраз күндерден кейін, түске таман көшеден төрағаны кездестірдім. Ол ауыл балаларын көрсе, жекіп ұрсып, жан таптыртпайтын, жесірін жоғалтып, «судан шыққан сұмырай» секілді сүмірейіп, танауы топырақты сүзіп кетіпті. Бұрындары белсенді мансапқа мәз бола, көздері алақ-жұлақ ойнап жүруші еді, осы күндері жанары сөніп, өңі солып, бір түнде он жылға қартайғандай болып көрінді. Оның мұндай жағдайын байқап, іштей аядым. Бұл менің Мұхитты соңғы көруім болатын. Естуімше, төраға көп ұзамай екі-үш жылды артқа тастап, белгісіз дерттен әбден қиналып о дүниеге аттанған. Он күн жаны шықпай, қорыл аралас адам шошырлық дауыспен үйінде жатқан. Оның жас аралас жанұшыра шыққан даусы бүкіл ауыл адамдарының құлағына жетіп, жағаларын ұстатыпты. Көбісі Мұхиттың өлер алдында осыншама азапқа салынуын, кезінде қаптаған қара малды тірідей от құштыртып, енді сол жаны бар мақұлықтардың қарғысы атқандығымен теңеді.

Әкем есі мен жаны барда, ашаршылықтан құтылудың жолын іздеді. Қыс келісімен, үйді төбеге дейін түгел басып қалатын қалың қар мен терістіктен түтеген боран мен үскірік аяздан құтылу екіталай. Жылуы кеткен шаңырақта бүк түсіп, аштықтан ісініп, ит өлімге берілгенше, өкіметті ойлап шығарғандар жақын тұратын елге ертерек көшу қамына кірісті. Бар жиған-тергеніміз – бір шүберек қағаз бен кептірілген шабақ және кезінде

әкем арнайы тапсырыспен алып берген, үнемі киізге үйкеліп, жалтырап тұратын анамның күміс білезігі. Мұқилаштың етігі, орыс тоны, кеудеше мен бас киімін түйіп, ауылдағы көрші Айшамен қоштасып, ұзақ жолға шықтық. Кеш бата өзен жағалай Калмыков елді-мекеніне келдік, туғалы үлкен ауылды көргенім осы, құмырсқадай қаптаған қара халықтың тіршілігіне таң қалдым. Әкем пұл беріп, судың арғы бетіне өттік. Жолай біз Ресей еліне бет алған алты адам қатарына қосылдық, іштерінде менің қазіргі қасымда жүрген досым Василий бар. Жастайынан әке-шешеден айрылған «сары бала» (әкем оны солай атаушы еді) артынан іздейтін жан, бауырға басатын жақын болмаған соң, ел кезіп, көрмегенді көріп, ақыры Ресейге баруды ұйғарған. Әлі күнге дейін оның осы бір өмірге берілмес өжет мінезі мен әрбір қиындықтан сабақ алған, өзегін өксік өртесе де, оны күлкімен жеңе білген жігерлігін өзіме үлгі тұтып, оны жақын тартып, еркелетіп «Васян» деймін.

Қараңғылық қоңырлай түсе, бәріміз жаппай дем алудың қамына кірістік. Қара орманнан қорықты ма, әлде шешесінің ыстық құшағы мен қой жүнді төсегін аңсады ма, Мұқилаш «апалап» жоқтап жылай берді. Оны кеудеме қысып, онсыз да шарасыздықтан шаршаған жан дүнием елжіреп, көзімнен жас парлай түсті. Бұны көрген әкем, қызын қойнына қыса тербетіп, мәңгілік санамда жатталған: «Сен жігітсің, жігіттер жыламайды, төзімді болуың керек!», – деген сөзін айтты да, «Сұрт ана сорғалаған суынды!», – деп морт кесті.

Шолпан жұлдызы шығысымен, жүктерімізді жинап Гурьевке қарай бет алдық. Мақсатымыз – сол жерден теміржолға немесе кемеге отырып, Ресей асу.

Тынымсыз екі түнді артқа тастап, діттеген жерімізге де жеттік. Вокзалға барып, жол билетін алып, ымырт түсе, паровозға отырдық. Үшеуміз вагонның бас жағынан орын алсақ, Васяндар артқа жайғасыпты. Қасымызға бізден бөлек, орта жастағы ерлі-зайыпты жайғасты.

Келгеннен-ақ әйел адам қарындасыма күлімдей қарап, оған біресе бал жағылған нан, біресе жұмыртқа ұсынды. Табиғатынан тағы Мұқилаш, басында жатырқап жоламап еді, артынан тамаққа қызықты ма, әлде әкемнің, «бара ғой, ала ғойына» иланды ма, оларға жақындап, біраздан соң Лада апайдың тізесіне де отырды. Айтуларынша, қазақ жеріне кәрі шешесінің хал – мүшкілін біліп кету үшін келген. Екеуі де жақсы киінген. Әйелі ұстаз болса, күйеуі зауыт әкімшілігінде қызмет атқарады екен. Әкемнен анам, қарындасым жөнінде жіте сұрап, үшеуі шүйіркелесіп қалыпты. Үнемі қозғалыста жүретін мен, отырғаннан ішім пысып, Васяанның шытырманға толы әңгімелерін тыңдау ниетімен, сол жаққа кеттім. Артынан осы әрекетіме оңбай өкіндім. Одан да Мұқилашымды қойныма алып, дудар болған бұйра шашын саусағыммен тарап, тәтті түске берілу керек еді. Әттең, бәрі кеш... Мен үшін тым кеш...

Отызыншы жылдардың күрең күзінде мен үшін әкем бәрін өзі шешіп қойған болатын. Кішкентай қарындасым, бүйрек етім – жалғызым, мен

үшін жер жүзіндегі ең қымбат жан – Мұқилашты, паровозда жолыққан жат жандарға ілестіріп жіберіпті. Оның бұл қылығын үлкен бір кешірілмес сатқындыққа теңедім. Баланың әкеге деген кіршіксіз махаббатын сол сәттен бастап көлеңке шалып, көңілім суып кетті. Енді ара-қатынасымыз бұрынғыдай болмайтынына сенімді болдым.

– Неге әке? Неге? – деп, дәрменсіз шыққан сұрағыма, бейне қызын емес, қорасындағы қоңыр қозысын бергендей, бетінің бір бұлшық еті жыбырламастан, бұрынғы салмақты, суық даусымен:

– Ол үлкен жол жүруге, далада үйсіз-күйсіз күнелтуге әлі жас, ауырып немесе ашығып қалуы мүмкін. Маған оңай болмағанымен, мен солай шештім, – деп жауап қатты.

Сол күннен бастап, менің басты мақсатым, үй алып, қалайда Мұқилашты өзіме қайтару болды. Ол үшін тынымсыз еңбек етіп, қиындықтарға дес бермейтін болып шешім қабылдадым. Алдымда ойнап, қойнымда ұйықтап жүрген қарындасымнан қол үзіп қалғаннан кейін, оның мұңды бейнесі, ылғи қол жетпес алыс сағымдай көз алдымда көлбеу тартып, артымнан қалмайтын болды.

Араға бір-екі тәулікті тастап, Ресейдің Еділ жағалауынан орын алған Камышев қалашығына келдік. Бұл жерде әртүрлі ұлттар біріге өмір сүріп жатыр екен. Араларында қазақтар да көп. Аталарының: «Тегін білмеген тексіз», «жеті атасын білмеген жетесіз» – деген сөздері саналарында жатталып қалған болуы керек, мұндағы қандастарымыз, бір-бірінің атын атағанда, міндетті түрде руын қосып айтады екен. Мәселен, жаппас Ғали,

беріш Қыдыр, кожа Қанай, алаша Оңас, тағы басқа. Кейбірі өзіміз секілді аштықтан қашып жан пана-ласа, енді бірлерінің әкелері абақтыға қамалып, итжеккенге айдалып, түрмеден шыққан соң, атаме-кенге ат жетерліктей жерде жанұя құрып, ұрпақ өрбітіп қалып қойған.

Осында келген соң, жергілікті қазақтардың айтуымен, қаладан шалғай орналасқан теміржол станциясына қара жұмысқа орналастық. Тауық айқайымен тұрып, қас қарайғанша тыным таппай жұмыс істеп ақы таптық. Алғанымыз лашық ақысы мен тамаққа ғана жетті. Солай көңілсіз де, үмітке толы күндерді өткізіп жаттық. Қалада кешкі оқу орны бар екенін білген әкем, маған орысша оқу-дың, әріп танудың артықшылығын күнде айтудан талмады. Білім алуға іштей қарсы болмасам да, оған қыңыр мінез танытып, бармай қойдым. Ал-дыңғы оқиғадан кейін, оның әрбір сөзінен мін іздеп, ыңғайы келсе тілін алмауды шығарғанмын. Ондағы мақсатым – вулкан лавалары секілді қай-нап, бірақ іштен тынып, жүректі күйдіріп жатқан сезімімді сездіру. Бұрындары ол не айтса, соны жөн санайтын едім, қазір олай істегім келмейді. Ол да баласының бетке айта алмай жүрген ішкі уайым-наздарын түсінген болуы керек, менің кейінгі уақытта көрсетіп жүрген кесір қылықта-рыма шарасыздық танытты.

Әкемді жазалағым келсе де, артынан досым-нан қалғым келмей кешкі оқуға жазылдым. Осы-лайша, «да» мен «нет»-ін ғана түсінетін өзге тілді бір жылда игеріп, пейіш құсындай сайрап кеттім. Оған басты себеп, орысшадан басқа, өзгеше сөй-



лемеген орта мен кітаптар еді. Қолыма түскен қағаз, кітапты түнімен оқитын болдым, жазуларға ілесіп, басқа бір қызыққа толы әлемге сапар шектім. Содан рахат сезімге беріліп, бір сәтке мен үшін қиындығы көп, тұман шалған шынайы өмірден аластадым, тағдыр таяқтарын ұмыттым. Талай рет жұмысқа ұйқылы-ояу барып, енді кітап бетін ашпаспын десем де, үйге кіргеннен, кітаптардың мәнамзмұнын талғамай, оқуға кірісетінмін.

Бізге сауат ашудан берген, Валентина Ивановна менің басты кітап тасымалдаушым болды. Ол елуден енді асып, алпыстың асуына жақындаған, ұзын бойлы, ірі денелі, сарғыш келген, жылы жүзді жан. Айналасындағы адамдарға тыныштық пен мейірімділік сәулесін бөліп тұратын. Екеуміз алғаш көргеннен-ақ тіл табысып, көптеген сырмұңымызбен бөліскенбіз. Валя апайым бала сүю бақытынан күдер үзген және мұндай өмір әділетсіздігіне әбден мойынсұнған адам. Оны сырттай бәрі «жазмышқа наласы жоқ» адам сияқты білетін, бірақ, жиі сырласатын мен үшін, оның аздап әжім шалған көкшіл көздері жанын жеген жүрек жарасы жөнінде үздіксіз үндейтіндей көрінетін. Адамзат түйсігіне тән, ол өзінің балалы болмауына, ертеде қара магиямен айналысқан арғы апа-әжелерін кінәлайтын. Олар дуа жасап, адамдарға теріс бата оқып, қарғыс жіберіп, бақсылықтың ең қара істерімен әуестенген. Валя апай: «Әділетсіздікке жатса да, өмір заңына сәйкес, тағдыр алдындағы әке борышын бала өтейді деген де шын шығар, міне, бір кездегі олардың қатесін мен еселеп қайтарудамын», – дейтін. «Сүйіп қосылған жарымнан

айрылдым. Бағым болар балам, қарайласатын қарам жоқ?! Бұл жалғанда жападан-жалғыз, дүниеден өткенше, сағат санап өкінетін секілдімін», – деп, күңірене күрсінетін.

Есімде, алғашқы дәрістердің бірінде Валя апайымыз:

– Алға жетелеген арман-мақсаттарыңмен бөлісіңдер, – деген болатын. Көбісінің жауабы, «жақсы жұмыс тауып, жанұя асырау» сынды болды. Ал кезек маған келгенде, көз алдыма Мұқилаштың бейнесі елестеп, тамағыма өксік тығылып, көзіме жас үйрілді. Сонда да ержігіттік намысқа беріліп, өз-өзімді қолыма алдым да:

– Қарындасымды қайтсем де қайтару! – дедім. Сезімімді шектен шығарып алмайын деп тұрып, даусым саңқ етті ме? Бір сәт дүние сағаты тоқтап, тіршілік қатып қалғандай жан-жағым мүлтіксіз тыныштыққа оранды. Тек жүрек қағысым естіледі.

Сабақтан соң апайым мені жеке алып қалып, қарындасымнан қалай қол үзгендігім туралы сұрастырып, оқиғаның мән-жайына қаныққаннан кейін, қарындасыммен қауышу үшін қандай шаралар қолдану керек екендігін түсіндірді. Бұл іске көмек қолы мен бар ақылын аямайтындығын айтты. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, ол кісінің қанатты лебізінен кейін, қатты қуаттанып, қуанышқа бөленер күнімнің міндетті түрде туатындығына сенімім артты. Сол күннен Валентина Ивановна тек ұстаз емес, жанашыр жақыным, ақылшыма айналды.

Екі айдан кейін, ауыр жұмыстан ба, әлде іштегі уайым, қызына деген құсалық жеді ме, әкем

азып-тозып, көк жөтел ауруына шалдықты. Бармаған емшіміз қалмады. Дертке қарсы шөптерді де, майларды да ішке қабылдағанмен, беті бері қарамады. Екі жұмада құр сүйегі мен жылтыраған қос жанары қалды. Бақилыққа кететінін сезді ме, сол таңы молданы шақыртуды сұрады. Шешен ұлтынан шыққан молда келгенше, тілі де күрмеліп, кәлиманы ақтық деммен әзер қайталап: «Мұқилашымды таба ғой балам!», – деді де, тілден қалды. Молда жаны шығуын жеңілдету үшін, құраннан төрт шумақ оқыды. Әкем менің қолымнан айрылмай ұстап, үнсіз ғана жанары жәутендеп көзінің қарашығымен маған тесіле қарады. Оның мынандай шарасыз түрін көрмегенмін, қанша берік болуға тырысып бақсам да, көзінде тұрып қалған бір тамшы жастарын байқап, өкіріп жылап жібердім. Ол солай менімен ымдап қоштасты да ақтық, қайтып келмес сапарға аттанды.

Оны жерлегеннен кейін, ұзақ жыладым, өксіп жоқтадым. Бұл жалғанда жападан-жалғыз қалғанымды ойлап, өзімді аядым. Мұқилашты сағынып, әжем мен анам, әкем мен қарындасым қастарымда болған бал дәурен – балалық шақты аңсап, қайғырдым. Мұқилашты бөтендерге бергелі кеудемді керген әкеме деген өкпем көзден аққан жастармен жүректен түгелдей шайылып шығып, оның орнын сағыныш пен құрмет сезімі басты.



## Екінші тарау



Бүгін азанмен ерте тұрып, Васян екеуміз Еділ жағасындағы балық аулау, оны консервілеу комбинатынан жұмыс іздеп келдік. Темір жолда штат қысқарып, екеуміз алғашқылар қатарында жұмыстан босатылдык. Жалға берген үйдің ақысын төлей алмай, екі түн бос қалған жылқы қорасын паналап жүрміз. Бұл жақтың күзі де біздің ауылдағыдай ерекше ызғарлы. Қыстың алғашқы айы келмей жатып, жер бетін қылау шалып, қақаған қара суық басқан. Таң атқанша тоңып, досым екеуміз, көз ілмейміз. Үстімізге жамылған шаң-тозан сұр киіз бен астымызға жастанған саман денемізді жылыта қоймады. Таныс қандастарға барып, паналайын десем, біріншіден – досымды тастап кеткім келмесе, екіншіден – өздері әрең жан бағып, балаларын асырап отырған адамдарды мазалағым келмеді. Бірақ, бүгін жұмыс таппасам алаша Оңастың үйіне барып көруді ұйғардым.

Васян екеуміздің ұйқымыз қанбағандықтан, көзіміздің асты көгеріп, мойнымыз ырғайдай, битіміз торғайдай бола қалыпты. Менің үстімдегі бешпет бүтін болса, досымның иығындағысы тозығы жетіп, жұлым-жұлым болып жыртылған. Тозығы жеткен тоны оның жүдеген жүзін одан әрі жадатып жіберіпті.

Үш күн өтті комбинаттың есігін күзеткенімізге. Бригадир балықшылармен ау тастау үшін, Еділ ағысымен теңізге қарай жүзіп кетіпті. Соны тосып отырмыз. Әлсін-әлсін өзен бетін басқан суық буға бүрісе телміріп, көзім қалғып кетіп жатыр. Кірпіктерім айқаса, мүлги бергенім сол еді, өткір жел өңменімнен өтіп, селік етіп, атып тұрдым. «Әттең, бүгін де жолымыз болмайды ма екен?! Ат қораның қарасын көргім келіп тұрған жоқ. Суық тартып, тезек сасыған жер көз алдыма елестесе, өмірден түңіліп кетемін».

Бұрындары Алланы ауызға алмайтын мен, біресе Алла мен оның үмбеттерін атап, біресе атабаба аруағына жүгініп, ақтан тілегімді беріп, олардың жебеуін жалбырандым. Сол сәтте әжемнің адамдар арасында «Алла-ай» сөзінің тарауы туралы әңгімесі есіме түсіп кетті.

Ертеде бұл жалғанда жаратқанды аузына алмаған, Аллаға сенімсіздік танытқан адам өмір сүріпті. Намаз оқып, бетін құбылаға бұрған елді көрсе:

«Әй, ақымақтар, сендер қиналғанда көмек қылар, Алла-Тағалаларың қайда? Ол жоқ және болған да емес», – деп көкіпті. Бірде оған белгісіз дерт тап болып, қатты ауырып, жастық жастанып бүк түсіп жатып қалыпты. Байқұстың жаны қиналғаны соншама, өзі сансыз рет сенімсіздік танытқан есімді бірнеше рет қайталап: «Алла-ай, Алла-ай», – деп, айқайлай жөнеліпті.

Содан бері біздің жақта жара жанды жегенде, «Алла-ай» сөзін айту жақсы әдетке айналған.

Тілім тасқа тисін, марқұм әжем батырлар жыры мен неше түрлі халық әндерін, аңыз, ертегілерін жатқа білетін. Ымырт түсе, менің сұрауыммен соларымен бөлісетін. Кішкентайымнан оның қасына жаттым. Ес білгенде, анам туралы сұрағым: «Сені мен туғанмын, оған күмәнің болмасын!» – дейтін және ылғи да: «Құрсағымда тоғыз ай, тоғыз күн күтіп, тапқан ботам!» – деп қайталап отыратын.

Бозбала болғанша, мен де сол кісіден шыққандығыма сенімді болдым. Өз ғасырында көпті көрген көнекөз анам жанға шапағат шашар ұлттық ырым-наным, қанатты сөздерді жаттатып, жақынға сатқыншылық жасамауды, жақсылық жасасаң жар салмауды әркез айтып, жастайымнан санама сіңірген.

Сірә, іштен қайталаған дұғам әсер етті-ау деймін, таныс адамдардың: «Бригадир келді, жиналыңдар!» – деген сыбыстарын құлағымыз шалды. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген де осы шығар, досым екеуміз комбинат ішіне енген бойда, бригадир алдымыздан көрінді.

Бригадир мырза елдер қара суды қорек етіп, азып-тозған заманда, қарны қабақтай, беті табақтай болып семіріп алған, сары Иван есімді кісі екен. Оның мына бір дене бітімін көріп, ойыңа: «Ашаршылықта балық майын сорып семірген бе?!» – деген секілді сұрқия сұрақтар келеді екен.

Ол жаман адам емес екендігін бірден танытты. Екеуміздің бейшара түрімізге көзін жүгіртті де:

– Өмір бойы жарытып тамақ жемеген жан-дарға ұқсайсыңдар, жетімсіңдер ме? – деді.

Біздің «Иә» дейтін жауабымызды балгерсіз-ақ білгендей:

– Әй, бәсе, жәутендеген көздерің білдіріп тұр. Далада суықтан, иә болмаса, аштықтан өлмей тұрғанда, жұмысқа алайын. Бірақ, бірден айтам, қазір балықшылар қатарында бос лауазым жоқ, тек консервіге кететін балықты тазалаушы қылып қабылдаймын. Артынан көре жатарымыз, – деді.

Біздің күткеніміз де осы еді: «Әрине, құп боладыға» салып, жарыса қайталадық.

Ол сосын:

– Уля, Уля, бері кел, тобыңа жаңа жұмыскерлерді қабылда, – деп, мекемені басына көтере, айкайлай жөнелді.

Бастығының қызба мінезін білетін, Уля да әпсәтте жанымызға жетіп келді. Бізді балық тазалайтын бөлімшеге ертіп апарды. Ол жақта жұмыс ережесімен таныстырып, алатын ақымызды айтты. Жалақысы көп емес екен, бірақ, «жоқтан бар жақсы» дегендей, күн көріске жетіп қалар.

Жұлдызымыз жанып, жұмыс табуда жолымыз болды. Таңертен сөнуге аз-ақ қалған үміт оты қайта жанданды. Бригадирдің мінезі ұнап, оны Васян екеуміз өзара «дәу Иван» деп атадық. Ерте-сімен комбинатқа барып, кешке оқудан қалмай жүрдік. Жұмыс құрамы көбінесе қыз-келіншектерден тұрады. Жетімдер деп бізді аяп, біреуі киімдерімізді жамаса, енді бірі тамақтарымен бөлісті.

Сондай бір әріптесіміздің айтуымен, Фатима атты, ұлты татар жалғыз басты кемпірдің үйіне орналастық. Іші-сырты әбден тозып, үгітілейін деп

тұрған саман үй екен. Еркексіз тозығы жеткен ескі үйдің шатыр, қабырғасын жөндедік. Қақаған қатты суығын сүйретіп келе жатқан үш ай қысқа сақадай-сай тұру үшін, тоғайдан құлаған терек пен тал тасып, оны аралап, тезек, қи жинап, отын дайындадық. Суықтан әбден қорлық көрген біз үшін үйдің жылылығын ұстау басты іске айналды.

Басында көп ашыла бермейтін қарт апа, артынан Васян екеуміздің кез-келген жұмыстан қорықпай, білек сыбана кірісетіндігіміз ұнап, шәй құйып, ағынан жарылып, әңгімесін айтатын болды.

Апайдың пайғамбар жасына келіп, жалғыз өмір кешуінің басты себебі, екі ұлының, артынан шалының өмірден озғандығы болып шықты. Қара шаңыраққа бұл қайғыны, патша үкіметін құлатуға негізделген коммунистер партиясының бастауымен іске асқан, Қазан-Ақпан революциясы алып келген. Идиологиялық, екі таптық қарама-қайшылықтар кесірінен, лезде бірінен соң бірі жалғасқан Азаматтық көтеріліс басталып кетті. Бұрыннан патша монархиясының айдауымен жүруді еттеріне етене сіңіріп алған қарапайым халық, бірден басталған бүліктен есеңгіреп, қай партияға жақтас боларын білмей дал болды. Соның салдарынан әке балаға, аға ініге, дос досқа қару кезеніп қарсы тұратын заман туды. Екі жақтық қақтығыстардың бірінде Фатима апайдың Асыланы «Ақтардың», Хасаны «Қызылдардың» қолынан қаза тапқан. Осылайша ата-анасын сорлатып, ата жолын жалғастырар ұрпақ қалдырмай, екі қыран, қыршыннан қиылып кете барған. Артынан ауыр қайғы-мұңнан



жұбайының қабырғасы қайысып, жүрегі тоқтап қалыпты. Фатима апай ошағын ойран еткен сол сұрқия жылдардан бастап өзі жалғыз тұрады екен. Бірнеше жылдар партиядан тығылып, намаз оқып, жақындарына құран бағыштап, Алладан жұбаныш тауып өмір сүріп келген. Бүкіл тірлікті өзі жасайтын апайдың, жасы ұлғая қол мен бел сүйектері сырқырап, үй ішіндегі ауыр жұмыстарға қауқарсыз болып қалған. Оның үстіне аяқ астынан ажал келсе, соңғы сапарға аттандырар адам болмай қалар деп қорыққан. Көрші қыздың: «Екі жетімді қасыңызға алыңыз, бір жағынан нәпақа тапсаңыз, бір жағынан жақсы жастар қамқор болар» – деген ұсынысына бірден келіскен.

Сенбі күні таң сәрісімен тамақтандық та, көптен көріспеген алаша Оңастың үйіне баруға жиналды. Шаңырағында әрқашан дастарханы жиылмайтын қонақжай жанұяға Васян да баруға асығып тұрады. Қонаққа жиналып жатқан досыма, Фатима апай сандығында сан жылдар жап-жаңа күйінде сақталған баласының мақпал бешпетін кигізді. Хасаннан қалған киім, Васянға өлшеніп тігілгендей тура келіп, жарасып қалыпты. Ақкөңіл, елгезек досым күтпеген сыйға балаша мәз болып, апайға алғысын бұршақтай жаудырды.

Алаша Оңас ес білгелі Еділ өзенін жағалай орын тепкен осы бір кішкентай қалада күн көруде. Айтуларына қарағанда, арғы атасы беймәлім жағдайлардың айдауымен Камышев қаласына қоныс аударып, ұрпақ таратқан. Оңастың Әсия, Әния, Әлима есімді үріп ауызға салғандай үш қызы бар.

Қазақ үшін қан таратар ұлдың жөні бөлек, Оңас ер баланы қалағанымен, әйелі сырқаттанып, төртінші рет құрсақ көтере алмаған. Отағасы үш сұлуын «қызды қырық үйден тыйу» сынды ұстаныммен тәрбиелеуде. Бұл үйде әке сөзі заң. Оған ешкімнің дауыс көтеріп, қарсылық көрсетуге құқығы жоқ. Осындай тәлім-тәрбиеден қыздары бөтенге тіке қарап, бірінші сөз алмайтын, ұяң да инабатты болып өсуде. Әсия мен Әния үй шаруасын дөңгелетіп отырған, пысық. Қай күні барсақ та үлкен қызы тамақ дайындаса, ортаншысы үй сыпырады да жүреді. Тек кішісі Әлима – ерке қу. Қу дегенім, әкесінің көңілін қалай табу керектігін жатырда жатып жаттағандай. Мәселен, ол келген бойда, оның даусы мен қимылынан-ақ көңіл-күйін дәл оқып, сан түрлі әртістік қылықтарымен назарын жаулап, өз жағына шығарып қояды. Бесіктен белі шықпай жатып, елмен қалай сөйлесу керектігін де ұғынған.

Әлиманы көрген сайын, өзімнің аңғал да, момын, сүйікті қарындасым есіме түсіп, жүрегім сыздайды. Оны бұл өмірде енді қайтып көре алмай кетемін бе деп уайымдаймын. «Ағалаған» сөздері мен менен қорғаныш күткенде құшағыма келіп тығылған сәттерін сағынамын. Мұқилашымды ойлаған сайын, кеудемді қазандай қара тас басқандай демалысым тарылып, көңілім құлазып, беймаза күйге түсемін.

Оңастың ай десе аузы, күн десе көзі бар, ақылына көркі сай Әсиясы бір төбе. Оны көзі шалған жігіт, сүмбіл шаш, қиғаш қас арудың қолынан бір

ұстауға құмартып, махаббатына зәру болып қалатындығы анық. Талай жігіт көз тастағанмен, тіл қатуға батпай жүр. Өйткені, Әсияның көркіне ішкі жан- дүниесі сай еді. Көп қыздарға тән тәуір жігітті көрсе, ырбындау, жырбындау, майысу, жабысуға табиғатынан жат болатын. Қарақаттай көздерімен тіке қарағанда, жанары өңінен оқтай өтіп, мысы басып кететін. Тәуекелге келген жігіттер талай сол жанардан жеңіліп, бір лебіз сөз айтуға жарамай, дәу болған дәмесі дымға ұшырап, оның төңірегінен ұшты-күйлі жоқ болатын.

Алаша Оңастың үйіне жұмысқа тұрғалы келуім осы. Үйлеріне барсақ, ағай төсек тартып ауырып қалыпты. Бел омыртқасына суық тиген. Жұмысқа жарамай жатқанына бір ай болыпты. Бал мен мумио дәрісін жақса да, ауруы қайта қоймапты. Мені көре салып, көптен күткен Қыдыр қонағын кездестіргендей, қуана: «Өзіңе айтар бұйымтайым бар еді, саған қолым жете алмай жүрген!» – сынды сөздерімен қарсы алды. Әсия пісірген балық сорпасын ішкеннен кейін, әңгімеге отырдық. Ол өзінің қызметке қауқарсыз күйінде ұзақ жатып қалу қаупі бар екендігін айтып, бос уақытымда Әсияға тоғайдан отын терісуге көмектесуімді өтінді.

– «Қыс болса алыс емес, дайын отын жоқ, қызым сені ағасындай сыйлайды, сол үшін көмектес! Оның үстіне қазіргі аласапыран заманда, елге босып келіп жатқан адамдар көп, ішінде жаман пиғылдары да жетеді, «қыздың жолы жіңішке», өзін жіберу қауіпті, сен де бірге барсаң жақсы болар еді», – деді.

Жақсы адамның тілегін тастағым келмеді, оның үстіне Әсияны да аяп, демалыс күндері отын дайындасуға өз келісімімді бердім. Бізбен бірге Васян да бартын болды. Оған мен де қуанып кеттім, екеуміз біріге іске кірісек, Оңастың отын қорасын тез-ақ толтыратынымызға түбегейлі сендім.

Сенбі, жексенбі күндері үшеуміз тоғайдан шықпадық. Уақ ағаштарды қаптап, ірілерін сол жерде білектей қылып бөлшектеп, екі үлкен талдан құрастырылған сүйретпенің үстіне көлденең жинап, үйге тасып отырдық. Түсте сол жерде тамақтанамыз.

Сол күні біздер үйден түс ауа шықтық. Өйткені, Васян екеуміз шұғыл шаруаларымызды шешу үшін, комбинатта кідірумізге тура келді. Күздің қара суығы қарқынды күшке енген кезі, оның үстіне далада себелеп қар аралас жаңбыр жауып тұр. Аяқ астымыздағы шірі бастаған шөп пен жапырақтар су мен топыраққа шыланып, батпаққа айналған. Бұл да жүрісімізді тежеп, табаннан өткен дымқыл денемізді дірілдетті. Сонда да, суық пен сызды елемей, отын болар сынған ағаш бұтақтарын іздеп жүрміз. Жан-жағымыз тізілген терекке толса да, бізден бұрын басқа біреу бәрін буып кеткендей қолға ілінер, пешке жағылар бір шыбық таба алмай келеміз. Қолайсыз ауа-райына ашуланып, жол бойы үшеуміз бұртия жақ ашпадық.

Сандалып жүріп, бұрын-соңды аяқ баспаған тоғайдың таныс емес тұсына тірелдік. Бір қызығы, бұл жерде қаптаған терек талдар бітіп, ұзындығы бойдан асар өсімдіктер дөңгелене қаумалап шық-

қан аймақ екен. Мұхиттың ортасындағы арал секілді, тыныс-тіршілігі өзгеше табиғатты тамашалап, тежеліп тұрып қалдық. Бұл жердің сақина сияқты дөңгелек болуына қарағанда, суалып кеткен үлкен көлдің орны тәрізді. Күтпеген көрініске абдырап қалдық та, жан-жақта шашылып, үйіліп жатқан отындарды көзіміз шалып, жарыса жұмысқа кірістік. Үшеуміз әртүрлі жаққа бет алып, қажет дүниемізді бүкшендеп, он отырып, он тұрып тере бастадық. Қанша уақыт өткенін білмеймін, бір уақытта белімді жазып, айналама қарасам, Әсия да, Васян да жоқ. Айдалада жападан-жалғыз қалғандай дір еттім. Аттарын атап, дауысқа салайын десем, айқайға адам емес, албастылар атойлап келіп қалардай қауіптеніп тұрмын. Сондықтан да, осы жерге аяқ басқандағы алғашқы ізіме оралып, оларды жүріп өткен жолдары арқылы іздестіруді жөн санадым. Қас қарайғанға дейін, екеуі жүрді-ау деген жерлерді жеті рет айналдым. Бірақ, таба алмадым. Жылан жұтқандай, тым-тырыс. Ақылынан адасқан хайуан секілді төңіректі сан айналамын деп, шаршап та қалыппын. Бір сәтте, тұла бойымды қорқыныш сезімі билеп, көп жүрістен қызған денемді діріл мен суық тер басты. Қалай да бұл шайтан алғыр алаңнан шығып кетудің амалын ойлай бастадым. Қарап тұрып, алғаш аяқ басқанда қасынан өткен жуан қара терек көзіме оттай басылды. Енді сол жаққа қарай жылдам жылжи бастадым. Асығам деп, аяғым шалынып, құлап қалғанда, жерде жатып, сабақтары сериіп, курап кеткен өсімдік арасынан алыстан қарайған бейнені байқа-

дым. Адамға теңейін десем, қозғалыссыз, бір қалыпта қатып қалыпты. Сол сәтте, мендегі үрей сезімді, пендеге тән әуесқойлық басып, еңкейген күйімде көзім шалған нысанға қарай бет бұрдым. Жақындап келіп қарасам, Васян мен Әсия тұр. Қыз досымның артына сүлікше жабысып, құшақтай қалыпты. Ал, анау болса алдында тұрған айуанмен көз арбасып тұр.

«О, пәлекет, олардың тура алдарында аш арлан тұр. Аш дегенім, аңның белі шодырайып, қарны қабысып қалыпты. Соған қарағанда, бірнеше күн ас таппай, ұяластарынан алшақтап кеткен сияқты. Енді қызыл көз пәленің оларға тап беретіндігіне күмәнім қалмады. Еңкейген күйімде ерекше ептілікпен жерді сипалап, таяқ, тас іздей бастадым. Қару болар дүние таба алмаған соң, жалаң қолыммен қасқырды жер жастандырамақшы болып, екі жұдырығымды түйе түстім. Көзімнің қарашығы арбасқан екеуге алаңдап, алмакезек ойнауда.

— Әй, даланың тағы тәңірі, тоғайда адасып не қылып жүрсің, әлде қу Құдай бізді саған жемдікке бұйырып жіберді ме?! Қалай болғанда да, оңайлықпен берілер мен жоқпын! Есің мен басың бар да еліңді тап?! — деп, айқайлай жөнелді.

«Мынау аңмен арбасамын деп, ақылынан ада сайын деген бе?! Ақымақ, үндемей тұра бермеді ме?!» — деп, мен досымды іштей сөге жөнелдім. Енді айуанның тарпа бас салатындығына шүбәм қалмай, тасадан атып тұрғанда, қасқыр кішкене алға аяқ басты да, Васян мен мені сұп-суық көздерімен бір сүзіп, әрмен әрең баса өз жайымен кете

барды. Біз сасқалақтап орнымызда бірнеше минут тұрып қалдық. Тыныштықты досымның сөзі бұзды:

– Көрдің бе, менің даусыма адам түгілі аш қасқыр да ғашық болып, жемдікке қимай кете барғанын? – деп, қарқылдай күлді. Әсия да есін жиып, құшақтаған қолын жинай қойды. Ол да езу тартып жымыды.

– Васян, ана аңмен көп арбасып тұрып алдыңдар, сонда көзбен не деп тілдестіндер? – деп едім. Ол сол баяғы әдетіне салып, әзілдей:

– Қасқырды бірінші болып Әсия қарсы алды. Өйткені, ол алда келе жатты, ал мен болсам адал жендеті іспеттес, артынан ілесіп отырғанмын. Хайуан оған атылмақшы болғанда, алдын кескестеп тұрып алдым. Сосын, көз жанарыммен: «Сен – даланың қасқырысың, мен – қаланың қасқырымын. Артта тұрған ару – менің болашақ жарым, әлі отыз күн ойын, қырық күн тойымызды өткізген жоқпыз, ақылың бар аң едің ғой, сондықтан да өз жолыңмен жөнел! Сені алда бізден де ірі, әрі дәмді жемтік күтіп тұр деп, жөніне салдым, – деді де, оған тән ақжарқын күлкісімен жер-жаһанды жаңғыртып жіберді.

Саптаған сөзінің бір бұрышы Әсияға тиіп кеткен соң ба, оның екі беті қызанақтай қызарып, жас баладай көзін көтерместен, ыржалаңдай берді. Терген отындарымыздан айрылып, үйге бос қайтсақ та, қасқырдан құтылғанымызға қуанып, жол бойы жадыраңқы жүріп отырдық. Оңасқа бүгінгі оқиға жөнінде тіс жармайтын болып келістік.

Үнемі ауыз жаппайтын досым, кейінгі уақытта, Әсияның көзінше жақ ашпайтын болған. Өзге адамнан ұялып тұр дейін десем, Васяның ешкімнен қысылып-қымтырмайтын мінезін баяғыдан білемін, артынан ондағы бұл өзгерістерді жүректі тербеп, ойды мазалар махаббат сезіміне баладым. Себебі, соңғы уақыттары тоғайға баратын күнді аса бір асығыстықпен күтіп жүргендей көрінеді, сенбі күні көңілі де көтеріңкі, жұмысты да кеш батқанша қажымас қайрат-қарқынмен істейді. Ал осы өткен жексенбіде екеуі бір-бірін айналшықтап қалыпты. Онша тілге келе бермейтін Әсия да ашылып әңгіме айтып, досымның қалжыңдарына күлетінді шығарыпты. Байқағаным, соңғы уақыттары тоғайда отын теріп жүріп екеуі менен бөлініп алшақ кететін болып жүр. Бірнеше рет олардан көз жазып қалып, іздегенім де бар. Комбинатта Әсияның есімі аузымнан шықса, Васяның екі жанары жайнап, түрі құбылып кетеді. Осыны елеп, тіліммен түртіп көрейін, мүмкін ашылар деген оймен:

— Васян, сен қазақ қызын алып, алаша Оңасқа күйеу бала болайын деп жүрген жоқсың ба? — дедім.

Ол төбеден сарт еткен сұраққа сәл сасып қалды да:

— Болсам, болатын шығармын, қазақ қыздары маған ұнайды, — деді.

Мен ішімнен: «Әй, пәтшаһар, ұсталдың дегенің осы!» — деп топшылап, досымды ыңғайсыз сауалдармен қинап, тақырыпты қозғай беру адам-



гершілікке жатпас, бөліскісі келсе, артынан айта жатар» деген оймен, тергеуді қоя салдым.

Олардың сезімі отын жиналып біткен соң да, жалғасын тауып жатты. Досымнан Әсияға деген айрықша құштарлық пен махаббатты көрдім. Ол өзі қандай ашық, сезімтал болса, аруды да солай жан-жүрегі, бар болмысымен сүйген еді. Қыз ауырса, жаны сыздап, әкесі ренжітсе қорғағысы келіп тұратын. Васян қазақша өлең шығарып, оны маған тексертетін. Артынан Валя апайдан алған қағазға әдемілеп жазып, кешке қарай ғашығына ұсынатын. Оның алғашқы жыр шумақтары мынандай болатын:

*Қара көзің маған қарап қадалат,  
Қарадың да, кетті-ау сезім баурап ап,  
Кеудемдегі мұңым менен назымды,  
Қос жанарың үнсіз ғана ұға алат.*

Оны өлең әлеміне жетелер жалғыз ғана қанаты, шабыты Әсия еді. Ол жоқ болған соң, ақындық қабілеті де сарқылды. Қайдам, бәрі басқаша болғанда, қаламынан талай жанды таңдай қақтырар туындылар шығар ма еді?!

Екеуінің Оңастың көзіне түспей қалай кездесіп жүргендері жөнінде сөз қозғасам, ылғи әзіл-қалжыңмен сұрақтан жалтаратын, осылай бұл жәйтті жабулы қалдырып кететін.

Желтоқсанның ортасына таман, жан-жәндік пен шөп-шаламды күйретіп нағыз қаһарлы қыс келді. Өзен-тоған түгел қатып, аяз бір түнде бүкіл жер жүзін басып қалды. Қыс келісімен өзенде балық та азайып, комбинат тоқырауға ұшырай

жаздады. Қордағы күміс тиындар мен Кеңес социалистік облигациясын, яғни қағаз қаржыларын үнемдеу үшін, қаңтардың басынан жұмысшылардың басым бөлігін жалақысы сақталмайтын демалысқа жіберді. Фатима апай біздің басымызға түскен қиындықты түсініп, үй ақысын алмайтын болып шешті.

Бос уақытымда қалада жаңадан ашылған бес кітапхананың ең үлкенінен шықпадым. Орыс жазушыларының қаламынан шыққан керемет туындыларды оқып, өзге ұлттың мен білмейтін жаңа қырларын көркем сөз арқылы таныдым.

Ақпан айында барлығымыз жұмысқа жиналдык. Дәу Иван комбинаттағы жастардың басым бөлігінің кәсіби біліктіліктерін арттыру үшін Волгоград қаласына жіберді. Ол жақта бір айдың жүзіндей жүрдік. Елге келген соң Кеңес үкіметінің отыз үшінші жылғы «бүкіл халықты паспорттық жүйеге көшіру» қаулысына сәйкес, атым мен тегім жазылған паспортты алғаш рет қолыма ұстадым. Көп ұзамай бөлімше бастығы Уля жұмысқа жарамсыз деп танылып, бригадир оның орнына мені ұсынып, кәсіби тұлғам мақұлданды. Осылай қызметкерлердің басым бөлігін нәзік жандылар құраған бөлімшенің тізгінін ұстадым. Оған мен мәзбін, шіркін, қасымда әкем болғанда, бұл жетістігіме бір жасап, міндетті түрде мақтан тұтар ма еді?! Ал Васян болса «кадрлық құжат жүргізу» курсына тәмәмдап, комбинаттың кадрлық бөліміне ауысып кетті.

Отыз үшінші жылдың аяғында, көптеген зауыттар, кәсіпорындар үкімет қарамағына өтіп,

өндіріс дами бастады. Сонымен қатар, кішілер мен ересектерге арналған мектеп, алғашқы балабақша, тағы да басқа әлеуметтік және мәдени маңызы бар ұйымдар ашылып жатты. Елде жаңа жұмыс орындары пайда болып, халықтың жағдайы жақсара бастағандай болды. Көктемнің алғашқы шуағымен, елдің есін алған, ашаршылық нәубетінің беті қайтты. Халықтың көңілі көтеріліп, Кеңестік социалистік елдің ертегідей ертеңіне күмәнсіз қарады. Осы уақыт ішінде Валя апай екеуміз, Мұқилашты іздеп-табу үмітін жоғалтқан емеспіз. Бар білетін ақпаратым – қарындасымды жетектеп кеткен жұптың – Михаил мен Лада деген аттары, осыған сүйене отырып, оларға іздеу салып, аудан ішіндегі зауыт басшылықтарына хат жаздық. Жазбамызға берген жауаптардың барлығында ондай адамдардың зауытта тіркелмегені туралы мәлімдемелер келді. «Үмітсіз шайтан», енді мектептерге хат жаза бастадық. Бірақ, бәрі бос әурешілік болып шықты. Артынан Ұлы Отан соғысы басталатынын білгенде...

Бір-бірімізден көп алыстамайтын досым екеуміз, әртүрлі лауазымға отырып, көзбе-көз кездеспейтін болғанбыз. Кейде ол кешігіп келсе, кейде жұмысымның өсуімен жауапкершілік те артып, мен үйге түннің бір уағына қарай қайтатынымын. Мен келген кезде Васян ұйықтап қалады немесе Оңастың терезесін торуылдап, жай келеді.

Сол көктемнің сәуірінде досым менімен сырласу үшін жұмыс орныма іздеп келді. Оның мені сыртта тосып тұрғандығын естіп, қуанып кеттім.

Далаға шықсам, досымның жүзі қап-қара болып түнеріп кетіпті. Жанарында жас тұр ма, менің көзіме тіке қарай алмай, басын салбыратты. Онымен кездескелі неше түрлі қиын жағдайларды бастан өткерсек те, мұндай түрін көрмегендіктен, қатты шошып кеттім. Менің:

– Бауырым, не болды?! – деген сұрағыма:

– Босай аласың ба, жүрші сөйлесу керек, – деді. Ол аузын ашқан бойда, арақтың исі мұңкіп кетті. Мұрныма келген исті сезіп:

– Сен не, ішіп алғансың ба?! Ондайың жоқ еді, Васян, сені не түртті?! Қазір, тоқтай тұр, іштегілерге айтамын да, шығамын, – деп, асығыс мекемеге кіріп, әріптестеріме шұғыл шаруаны шешу қажеттілігі жөнінде ескерттім.

Екеуміз сырласу үшін Фатима апайдың қорасына қарай бет алдық. Васян қойнына тығылған арағын шығарып, бұрын аузына алмаған бөтен дәмнен жиіркенбестен, бөтелкенің мойнынан ұстап ащы суды сылқылдатып, сіміре жұтып жатыр. Дүниеден қаншама қиындық, қайғы көрсе де мойы-маған, жақынның ең жақыны, бауырдың ең бауыр-машылы болып кеткен асыл досымның, осындай күйіне куә боламын деген ой екі ұйықтасам түсіме кірмепті. Сәл сасып қалдым. Кішкенедең соң оның өзі орнаған үнсіздікті бұзды:

– Досым-ау, мен оны тозақ болған қара жерге Құдайдың күдіретімен аспаннан салбырап түскен ғажап періштеге теңеп жүрсем... Өзім шығарған аңызға, ақиқат кейпін кигізіп, сене білсем... Оның бәрі далбаса, жалған екен! Мен шатасыппын, мен

өз-өзімді алдап келіппін! Мынандай қатыгез, қараңғы дүниеде періштенің өмір сүруі мүмкін емес еді! Ақ қанатты, жылы жүректі періштелер тек көкте, ал жасанды дүниені пенделер паналайды деген рас екен-ау! Бірақ, мен сендім, ақ жүрегіммен, кең көңіліммен шүбәсіз оған сендім. Біздер де бақытты бола алады екенбіз ғой деп, алдын-ала бос арманның арбауына беріліп, адастым. Көңілімнің шаттығы, кеудемнің қаңаты, енді қолым жетті деген қуанышым, бір-ақ күнде быт-шыт етіп жүректі жарып кетті. Енді жүрексіз қалай өмір сүрмекпін, жанымды жеген дерттен қалай айықпақпын?! – деп күрсінді, көзінен жас та парлай түсті. Оның бұл қайғысын көріп, ішім ашып кетті. Бірақ, сезімге толы толғаныстан мәселенің мәнін аңғара алмай:

– Васян, өтінемін, түсінікті, жәй, қарапайым сөзбен жеткізші. Саған не көрінді?!

– Әсия тұрмысқа шығатын болды. Бүгін айтты. «Енді келме, кездесе алмаймыз!» – деп шорт кесті. Бітті!

– Сен не, оны ренжіттің бе? Аяқ астынан жүректегі сезімді өшіру мүмкін емес және Әсия біреудің сезімімен ойнайтын адамға ұқсамайды. Неге өйтіп айтты екен, а?

– Білмеймін, осындай қарғыс атқыр сөздерді айтты да, теріс бұрылып кеткелі жатқан, білегінен шап беріп ұстап алдым. Содан соң арамыздағы қатынасты не үшін бұзбақшысын, осыны айтпай, жібермеймін үйіңе! – деп, ұстап тұрдым.

– Сонымен не деді?!

— Ол менен кінә жоқ екендігін, күйеуге тигелі жатқандығын, енді мазаламауды өтінді. Осы сөздерден кейін, есімді жия алмай, есеңгіреп тұрып қалдым, ол да осы сәтті пайдаланып, зып беріп үйіне енді. Бірнеше рет үйіне басып кіріп, сөйлеспекші болып оңтайландым, бірақ, іштегі ашу-ыза, намыс аяғымды алға аттатпады. Енді не істеймін? Одан осылай айрылып қалмақпын ба, бұлай болғандығы менің құрығандығыммен пара-пар!

— Сабыр, досым, сабыр, «таң кештен данакөз» дегендей, таңертен өзім Әсиямен сөйлесермін, мән-жағдайды өзім анықтаймын. Әлі бәрі орнына келер. Қазір ана қолындағы пәленді тез бітір де, Фатима апайдың көзіне түспей, үйге кіріп, жат! Ол кісі ішкенінді білсе, оңдыртпайды.

— Аха, сен өзің бар да жата бер, мен қаламын осы жерде, іштен құрт жеп жатса, қайдағы ұйқы?! — деді.

«Бұл шайтанның шарабын көп ішті, ішкен адамда ес бар ма, қазір бұның Әсиямен сөйлескісі келіп, ебірендеп олардың үйіне жетіп баруы да ғажап емес! Мас күйінде Оңастың көзіне түсіп қалса, махаббатынан мәңгі айрылғаны! Сондықтан да сүйреп болса да, үйге кіргізу керек» — деп шештім.

— Васян, енді қорада таңға дейін қонақтап отырмақсың ба? Олай болмайды, жатып демалайық, ертең таң ата демалған баспен бәрін ойластырамыз. Мен өзім барамын. Бәрін біліп қайтамын. Уәде беремін саған. Осындай алдамшы сөздеріммен оны жарты сағаттай көндірдім. Бағана ұйық-

тай алмаспын деген кісі, арақтың буынан ба, немесе күн бойғы уайым-қайғыдан ба қалжырап, жамбасы жастыққа жайғасқан бойда қор ете түсті.

Өтештің алғаш айқайымен тұрсам, досым өзін қоярға жер таппай, далада жүр:

– Еу, қашан тұрғансың?

– Бағана! Сен барып, Әсиямен сөйлесші, мүмкін әлі кеш емес шығар? Мүмкін оған біреу мені даттаған шығар? Тұрмысқа шығам дейді! Қалай ғана екеуміздің арамызда болған сезімді осылай сызып, таптап кетпекші? Сені ол сыйлайды, айтқаныңды тыңдар, жол бермеші оған мұндай қателікке баруына! – деп, ағынан жарылды.

Досымның күл болған көңіліне, кішкене болса да үміт отын ұялату мақсатында, апыл-ғұпыл жиналып, Оңас жаққа бет бұрдым.

Менің келетіндігімді алдын-ала сезгендей, есігінің алдында Оңас аға отыр екен. Амандасуға қасына жақындағанда, оның маған деген салқын қабағын сездім. Көздерінен, «неге келдің, сені кім шақырды?» сынды сұрақтар оқылып тұрды. Жақсы ағамнан мұндай қадамды күтпегенмін, сәл сасып қалдым.

– Әсиямен сөйлесуге келгенмін!

– Не үшін? – деді.

– Жәй әншейін, оқуға түскісі келіп жүрген, сол туралы.

– Қайдағы оқу, ол жақында тұрмыс құрады! Бөтен үйге келін болу оңай емес, оқуға емес, соған басын қатырсын! Оның үстіне ұйықтап жатыр.

Бұл сөздерімен кете беруімді меңзеді. Өз дегенімнен оңайлықпен қайтар мен бе?! Досыма да сөз бергенмін. Қандай кедергі тұрса да, Әсиямен сөйлеспей кетпейтіндігім анық. Сондықтан да:

– Ааа, онда күте тұрайын, асығыстық жоқ.

«Жылы, жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» дегендей, оның қатайған қаһарлы қабағын, жанға жағар лебізбен жұмсарту үшін:

– Әсия үйдің үлкені, ақылына көркі сай, өзі ару, өзі пысық. Барған үйдің берекесіне айналары айдай анық. Осындай бақыт құсын қолына қондыру бағына ие болған, сері жігіт кім екен?! – деп, тілімді майдалай түстім.

– Көрші Болатханның баласы – Қамбар. Осы жаздан қалмай, қалындықты ұзатып алып кетеді. Аталарының есімі елге ертеден аян, кәсіпқой, құрметті отбасы ғой!

Ішімнен: «әй, Оңас, гәптің бәрі осында екен ғой. Бұл Әсияның қалауы болмас. Байқұс қыз, әдеті бойынша, әкеге қарсы шыға алмайды, түсінікті, түсінікті» – деп топшылады. Сәл үнсіздіктен кейін:

– Махаббаттары мәнді, сәнді болсын! Екі жастың арасындағы ұлы сезім ұлғая берсін, ғашықтарда жердің жеті түрлі сынағына төтеп беретіндей шынайы да берік сезім болсын! Әсия өз еркімен сүйіп қосылып жатқан шығар? – дедім.

Бұл сөзім Оңастың қытығына тиді ме, мені қарсы алғанда көрсеткен сұсты да суық көздерін маған тағы бір қадап:



– Осы күнгі жастар құтырды, махаббат, сезім деп. Бұрындары біздер, біздің ата-аналарымыз осы сезімсіз-ақ үйленіп, қатардан қалмай ұрпақ жалғастырып, өмір сүрді ғой! Тіптен тойға дейін қалыңдық күйеуін білмей, танымай жататын. Кейбірін алып қашатын. «Қайтып келген қыз жаман», сосын сол үйдің түтінін түтетіп қалып қоятын. Ал кейбірі өзінен екі-үш мүшел ересек ерлерге еріп кететін. Сонда біреуі қарсылық көрсетіп, билік соқпайтын. Бақытсызбыз деп жақ ашпайтын.

Бұл кісі баяғыда-ақ бәрін шешіп, түйіп қойыпты. Тек Әсияның Васямен кездесіп, көңіл қосқанын қайдан білген? Әй, досым-ау, досым-ау, жағдай қиын! Енді жалғыз сені емес, мені де тығырыққа тіреген мәселені, қалай сенің пайдаңа шешем?!

Біраздан соң Әсия мен Әлима темір шелек көтеріп далаға шықты. Әсия мені көріп абдырап қалды. Менің алдымда кінәлі жандай жасқанып тұр. Осы сәтті пайдаланып: «Әсия, сенімен сөйлескелі келдім!» – деп, Оңастың аузын аштырмасын, алдын орап кеттім. Екеуміз жайлап, дарбазадан шығып кеттік.

Оңаша шыққан соң, Васяның оны қатты сүйетіндігін, қазір қатты қайғырып жүргендігін жеткіздім. Осыны естіген Әсия:

– Әкем қайдан екендігін білмеймін, әйтеуір Вася екеуміз туралы анықтап алыпты. Алдыңғы апта үйге келген соң маған қатты ұрысты, тіптен қолын көтермекші болды, мен үшін апамды да аямады. Енді онымен кездеспеуімді талап етіп, бұрыннан сөз салып жүрген көрші Қамбарға тие-

тіндігімді кесіп-түйді. Артынан көп нәрсені ұқтырды, қыздарының қазаққа үйленгендіктерін қалайтындығын айтты. Ойлап қарасам, әкемнің сөзінің де жаны бар, әрбір қыз-келіншектің мұраты – ана болу... «Мен өлемін, кетемін! Сосын бұл жалғаннан тәнім күлге айналып, жаным көкке ұшады, тек аманат болып жалғыз ұрпағым қалады, ең болмаса солар өзімнің тегімді болмаса да ұлтымды жалғастырып жатса жақсы болар еді?!»

Оңастың күшпен, тілмен қызын әбден өз жағына шығарып, жеке ойын құйып, санасын байлап тастағаны көрініп тұр. Мұның бетін бері қарту қиындыққа түсер, сонда да байқап көрейін:

– Әсия, Қамбарға тию шешімі салқын санадан шықты ма, әлде жылы жүректен бе, соны айтшы?!

– Санадан!

– Қамбарды ойлағанда сені қандай сезім билейді?

– Шындығына келсем, ешқандай.

– Ал Васяны ше?

Ол сәл ойланды да, енжар дауыспен:

– Ренжіткенімді ойласам, жаным жабырқап, мұң басады. Жанына жақындап, оның күн түсті шаштарын сипап жұбатқым келеді! Екеуміз аңсағандай, бірге болсам ғой деймін... Бірақ, бұл орындалмас алдамшы арман! Әттең-ай, екеуміз бір ұлттан болғанда ғой! Шын ғашықтар бір болмайды деген де рас шығар? Былай қарасақ, ертеден біз секілді сүйіктілерімен бақытты бола алмаған жандар қаншама, мәселен, Қыз Жібек пен Төлеген, Айман – Шолпан, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Ләйлі



– Мәжнүн. Солардың тағдырлары есіме түссе, біз сияқты бейбақтар барлығын және болатындығын ойлап, өз-өзімді жұбатамын, пешенеме жазылған өмір заңы осы шығар? Жазмыштан, озмыш жоқ, көнбеуге амал бар ма?..

– Әсия, адамның санасы сұрқия, сатқын, ал жүрегі жанкешті, жанашыр болып келеді. Қамбар сенің – санаң, Васян – жүрегің! Санаға емес, жүрекке бағынған адам бақытты бола алады. Махаббаттарыңды бөтендермен мазақ етуге жол берме! Біз сені бүгін кешке жағалауда күтеміз. Екеуің басқа елге кетіндер, сол жақта өздерің аңсаған жұмақ мекендеріңді құрыңдар. Васян саған бақ сыйлай алады. Оған сенің еш күмәнің болмасын! Ал, әкең уақыт өте көнігер. Сен оның қызысың ғой! Күтеміз, кел! – дедім де, кері айналып кеттім.

Жолай сан түрлі ойлар жеді. Адамның жақсыдан – жаманға, жаманнан – жақсыға айналуы, саған жасаған бір түйір жамандығы, оның таудай жақсылығын жойып жіберуі қасқағым сәт екен. Өзім ағам деп жақын тартқан адамым – Оңас, қазір менің көзімше, екі ғашықтың ортасына түскен, Қодар мен Бекежан, Көтібар сыңайлы сұмпайға айналды. Ұлтына бола, досымды шеттеткендігі жаныма жаман тиді. Жамандық пен жақсылықта қасымда болған украин досым, мен үшін, он қазақпен пара-пар еді. Онымен кездескелі, оны ажырамас бір бөлшегім ретінде қарайтынмын. Әсиямен көңіл қостырғаны да мені қуантып тастаған. Талай рет: «Дос едің, құдай қаласа, күйеу балам боласың!» – деп, қалжындап та қойғанмын.

Үйге келсем, ол өз-өзін қоярға жер таба алмай, мазасыз күйінде көшені күзетіп, мені күтіп жүр екен. Бір тәуліктің ішінде, оның бұрыннан жүдеу жақ терісі мүлдем жоғалып, өңі қурап, екі көзі ғана қалғандай көрінді. Қасына жақындағанда менен жақсы жаңалық дәметкендей, сәл ғана жымыды. Мен оған Әсиядан онымен бірге қашып кетуін өтінгендігімді айттым. «Ол белін бекем буып, тәуекелге барса, екеуің етегі алшақ жатқан елді-мекенге қашыңдар» – деп кеңес бердім. Бұл сөздерімді естіп, досымның жүзі жадырап кетті. Енді жоспарымыздың іске асуы Әсияның келуімен тікелей байланысты.

Қыста күн қысқарып, түн тез түседі ғой. Сондықтан, тоғайға қарай бет алдық. Біз Әсияны ұзақ күттік. Күн батып, қараңғылық қоюланып, төңірек тас түнекке айналғанға дейін тапжылмай тұрдық. Тоғайдан шыбық жинап келіп, от жағып, бойымызды жылыттық. Бірақ, Әсияның қарасы көрінбеді. Уақыт өткен сайын, Васяның да көңіл-күйі күйрей берді. Әсия әне келер, міне көрінер деп алаңдап шыдамдылық таныттық. Өңештен өткен суық жел мен бос асқазан денемді әбден әлсіретіп жіберді. Біраздан кейін, күткен адамымыз келмей-тіндігіне көзім жеткен соң, өз-өзін жалған жұбанышпен алдап тұрған Васянды сүйеу ниетіммен:

– Жан досым, сенің жүрегің мен жаныңды тербетіп жатқан алай-дүлей сезімді түсінемін, сол жараңа дауа тапсам, менен жақсы жан болмас еді! Оны түбегейлі санаң мен жүрегіңнен сызып таста деуге де мүлдем құқығым жоқ! Алайда, махаббат

соқпақ жолында, сүйгеніне сүйеу бола алмаған адамнан не қайран? Оның енді келмейтіндігі кәміл! Күтсек те, күтпесек те келіп-кетер пайдасы жоқ! Саған қандай қиын болса да, өзінді қолыңа ал да, оны жіберуге тырыс, бақытты болсын! – деген сөзіме:

– Жарайды кеттік! – деп, дүре қайтарды.

Үйге жеткенше жарытып бір буын сөз қатпады. Оның іштей қиналып келе жатқаны айтпаса да, көрініп тұр еді.

Көп ұзамай, Әсияның күйеуге тигендігі құлақ қағыс болды. Артынан Васян да бөлімдеріне жаңадан жұмысқа кірген Анюта есімді біреудің «жар дегенде жалғыз қызын» қалыңдық қылып алды. Фатима апайдың үйіне кішігірім дастархан жайып, жұмыстағыларды шықырып, той жасадық. Содан кейін Васян досым, қаланың шетіндегі Николаевка деген ауылдағы қайын жұртына көшіп кетті. Өйткені, Аня үйінің жалғыз қызы болатын. Балық комбинатынан жұмыстан шығып, қоныс аударған жерінде жаңадан ашылған құс фабрикасына қызметке орналасты. Қиындықта да, қуанышта да қасымда болған досымның алшақ кетуі маған оңай тиген жоқ. Оны көрмегелі қатты сағынатын болдым. Оның үстіне Фатима апай да ауырып, жатып қалды. Жалғыз өзіме ас та батпайды, жұмыс орнымда түннің бір уағына дейін қалып жүрдім. Бүгін үйге келсем, апайым тамақ пісіріп, шай дайындап қойыпты. Оның аяққа тұрғанын көріп, қуанып кеттім. Екеуміз бір үйде тұрсақ та, көріспегенімізге көп болыпты. Шайға отырған соң, ол

кісі жұмыс, Васян жайында сұрады. Өңгімелесіп отырып, өткен түнде көрген түсім есіме сарт түсіп, онымен бөлісуді жөн көрдім. Түсімде Фатима апайдың өзі пештің күлін алып отыр екен, сол мезетте ұзын бойлы, мұртты, сары жүзді ер адам кіріп келіп, оны құшағына алып жатыр екен деймін. Бұны естіген апайым:

– «Түс – түлкінің боғы» деп жатады, сонда да саған көрінген ер адам менің шалыма ұқсайды екен, ана жақта жалғызсырап, мені құшағына алғысы келіп жүрген сыңайлы, олармен қауышу – көптен күткен қуанышты күнім жақындап қалды ма деймін?» – деді. Ол кісіден мұндай түс жоруды күтпеген мен, басында абыржып қалдым. Артынан ренжулі үнмен:

– Сіз де қай-қайдағыны айтады екенсіз, өстіп жоритыңызды білгенде, түсімді өлсем де айтпас едім!

– Бұл дүниеде ешнәрсе босқа өтпейді, келмейді. Шөптің қимылы мен шықтың кебуі де Алланың құдіретімен. Кейде ұлы жаратушы адамдарға, түстер, оқиғалар, түрлі белгілер арқылы өз бұйрықтарын алдын-ала білдіргісі келіп жатады, бірі оны ұқса, кейбірі назар да аудармайды. Сол сияқты Алла да сен арқылы маған бұйрығын жеткізгісі келген шығар. Бүгін бармыз, ертең жоқпыз, біз небары қонақпыз!

Сәл салқын үнсіздіктен кейін, сөзін саптады:

– Егер де сондай жағдайлар туып жатса, анау қоңыр шкафтың төбесінде, менің марқұм әкемнің қойнына тығып, басына жастаған жасыл қапты



Құран кітабы тұр. Бұл – әкемнен қалған мен үшін аса бағалы дүние. Міне, соның ішінде саған арналған үйдің қағаздары бар. Құранды да ұмытпа, қайда жүрсең де алып жүр! Артынан балаларыңа, немерелеріңе мұра қылып жатарсың. Сол кітапты өмірде менің саған ұсынған ең бір құнды заты деп қабылда, менің көзімдей сақта, балам! Ал, түсінді маған айттым деп қам жеме, өйткені, екі құлыным мен шалымның қасына бару түнде жатарда, таң атарда жаратқанға бағыштаған тілегім болатын. Бұл өмірде мені ұстап тұрған ешнәрсе жоқ. Жасарымды жасадым, асарымды асадым, тұла-бойым шаршап, көңілім жүдеді, екі тізем қақсап, жүрегім сыздады, іштей өлімге дайынмын, тек Алла жұмыр бас пендесінің жанын алса болғаны! – деді.

Оның бұл сөздерінен кейін, қимасам да, бәрін түсіндім, бәрін қабылдадым. Өзі болжағандай-ақ көп ұзамай Фатима апайым көз жұмды. Кешке жұмыстан келгенде ескі қара сандықтың жанында құлап жатқан күйінде оның жан тапсырған денесін тауып алдым. Жүрегі тоқтап, өліп кетіпті.

Біраз айлар өткен соң Құранды ақтарып отырып, ішіндегі қағазды көзім шалды. Ол үй мұрагері жөніндегі құжаттар болып шықты. Осылайша, қазақ жерінен қаңғып келген мен, 22 жасымда жылы жүректі Фатима апайымның арқасында үйлі болдым.

Көп ұзамай менің ақылшым, қамқоршым Валя апайым да өмірден өтті. Бұл қайғы қабырғамды қайыстырып, кәдімгідей есегіретіп жіберді. Екеуіміздің мектептерге жазып бастап, аяқталмаған

хаттарымызды орап, құпия жерге тығып қойдым. Осылайша, Мұқилашқа іздеу салу ісі бұл кісінің өлімімен көптеген жылдарға кейін қалды.

Қыс өтіп, көктем келіп, жаз жайнап, жылдар-жылдарға жалғасып жатты. Анда-санда жалғыздық жаншығанда, Васянды іздеп Николаевқа ауылына барып тұрамын. Қазір оның асықтай екі ұлы бар. Екеуінің де көздері ашық аспан түстес көкшіл, құрдастарына қарағанда бойшаң және әкесіне тартқан күлегеш, ойын балалары. Мені көрсе, алдарында сайқымазақ тұрғандай мәз болады. Өйткені, мен олармен жас балаша алысып ойнаймын, бастарынан сипап, құшағыма аямай қысып, сөйтіп, жылдар бойы жанымда жиналған жылылықты төгіп, мауқымды басып аламын. «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» дегендей, асыр салған екеуі есіктен енген бойымда, біресе арқама отырып, біресе мойныма мініп, менімен алысып әлек. Осындай кездерде «шіркін-ай, осындай балаларым мен жарым болса ғой» деген ойлар санамда сайрайды. Өмірдегі ең құнды капитал – балалар! Рухани жұбаныш пен бақыт та – балалар! Менің ойымша, артынан ұрпақ қалған адамды өлділер қатарына жатқызу қате пікір, өйткені, бұл дүниеден сыртқы пішін кеткенмен, қан мен тұқымын, мінез-құлқы мен ұсқынын жалғастырушылар бар. Бұл дегенің – сенің кетуіңмен өмір жібіңнің үзілмеуі. Бәлкім, сенің армандап-аңсаған белестеріңді солар алып, бітірмеген маңызды істеріңе нүкте қояр да, көрмеген қызығыңның көкесін танытып көрер де осы жіпті жалғастырушы – балаларың болар?! Балаң





бар дегенің — қасыңда бағыңның баршылығы. Осындай кішкентай бақыттардың болуын мен де қалап жүрмін, өкініштісі, әзірше лайық қыз-келіншек кездестірген жоқпын. Бұйырған күні оны да кездестіретінім хақ.

Фатима апай жарықтан жырақ болғаннан соң, үйде жападан-жалғыз ішім пысып, берекетім кететін. Артынан жұмыстағы жетім бала Иванды қасыма алдым. Кәмелет жасқа толмаған Ваня — алып кел, шауып келдің шебері. Оның өмірден еселеп асаған қиындықтары жетерлік. Тіптен, көптеген ертегілерде жиі кездесетін ең мұңды сюжеттерімен тұспалас. Ол шешесінен ерте көз жазып, әкесінің тәрбиесінде болады. Әкесі артынан ауылдағы өзінен бірталай жас кіші келіншекпен көңіл қосып, сүйдім-күйдім деп оған үйленеді. Әкесінің сүйіктісі Ваняның тағдырына жақсылықты емес, жамандықты алып келеді. Өгей шешесі еңбекқор, момын әкесін араққа үйір қылады. Екеуі қосақтасып ішіп, үйдің шырқын кетіреді. Қол көтермек түгілі, ауыр сөз айтпаған жақын адамы, тас жүрек әйелдің айдауына көніп, ішіп алса, неше түрлі желеумен Ваняны төмпештейтін. Талай түндері аш-жалаңаш далада қонып қалып жүрді. Оның айтуынша, сондай суық түндердің бірінде, пештен шыққан түтінге уланып өлудің аз-ақ алдында қалыпты. Оқиға былай болған: бір күндері жұмыстан қалжырап келіп, екі ішкіштің көзіне күйік болмау ниетімен, бөлменің ең қараңғы бұрышында бүк түсіп, терең ұйқыға берілген. Түн ортасы ма, әлде таңға жуық па, нақты есінде жоқ, кенеттен

біреу түртіп, оятып жібергендей болады. Көзін ашса, бөлменің арғы, есік жағындағы бұрышынан, жатарда киетін ақ көйлекпен тұрған інісін – Федорды көріпті (Федор – дүние есігін ашпай жатып, үш жасында шешек ауруынан шетінеп кеткен Ваняның туған інісі), бауырының баяғыда өлгені ұйқылы-ояу оның есінен мүлдем шығып: «Федя, не істеп тұрсың?» – деп айтқан. Бірер секундтардан кейін, өз сөзінен өзі шошып, атып тұрып, көк түтінге оранған үйден сыртқа қарай тұра шабады. Сыртқа шығып, сәл ес жинаған соң, ас бөлмеде ес-түссіз, араққа сылқия тойып алған әкесі мен өгей шешесін өлімге қимай, еңгезердей екі ересекті есікке қарай сүйрей жөнелген. Солай өзі де, жақындарын да аяқ асты арам өлімнен аман алып қалған. Сол түннен кейін, оның ең басты қорқынышы – пеш түтіні болатын. Жатып қалған соң да, түн ішінде де екі-үш рет тұрып, пештің аузын тексеруді әдетке айналдырған.

Сиыр жылғы көктем, адамдар үшін жайлы болды. Бұл кездері, «түске дейін киіз, түстен кейін мейіз» болып жататын қара жерге көк ерте қылтып, төрт түлік малды жайлауға шығаратын күндер туып қалды. Көкек айында келетін жыл құстары да елге қайтып, Еділдің мұзы түгелдей еріп, толқындары арнасынан асып жатыр. Жазды күні бір қалыппен ағатын өзен, көктемде қайнаған қара қазандай тасып, тамыры бос теректер мен қарағайларды жұлып, шайып, адам жұтардай неше түрлі қорқынышты дыбыстар шығарып, гүрілдеп жатады. Бұл мезгілде өзен жағасына барып,

адамдар тағдыры тәріздес аласапыран аққан ескі дарияға қарағанды жаным қалап тұрады. Бұл көріністі тамашалап, жайбарақат күйге түсемін. Балалық кезде, көктемде Жайықтың да жағасында осылай ұзақ тұратынмын. Бір мезеттерде аңғал, ғажайыптарға көп сенгіш бала көңілге су арнасынан су перісі шығып, сирақтан тартып, сүйреп кететіндей үрей үйіріліп, денем түршігіп, орнымнан атып тұрып, ауылға, асыл анама қарай асығатынмын. Дәл қазір де сондай күйде тұрмын, бірақ бұрынғыдағыдай толқындарға қарап, су перісінен сескену жоқ, тек ересек адамдарда кездесетін жабырқаңқы ойлардың жетегі, жақындарыма деген сағыныш, әсіресе Мұқилашты бір көріп, құшағыма қысу өкініш-арман сезімдері бар: «Жаратылыс қызық... Қарап тұрсам, адамның өмір жолы да осы табиғатқа ұқсас екен-ау! Бала кезең – көктемдегі арнасынан асығып аққан тентек толқындар секілді, бозбала шақ – жайнаған жаздағы, жанарға жайлы өз ебімен әдемі аққан ағыстай, ересек кез – арнасына даналық пен дархандық дарытқан күрең күздегі өзен іспетті, ал адам өмірінің ақтық демі – қарттық болса – қыстағы тіршіліксіз, қызықсыз, мүлтіксіз қалың ұйқыға кетер алдында тоң, артынан мұз басқан өзендей.

Соңғы кездері жұмыстан басым босамай, елге шығу, хабар алудан ада болғанмын. Бүгінде қызмет орнымда түннің бір уағына дейін отырайын деп едім, Иван қалаға жаңадан әкелінген фильмді көрейік деп сұраған соң, жас досымның көңілін қимай келісімімді бердім. Осылайша, И. Шухов-

тың «Ненависть» романы желісімен түсірілген, режиссер Иван Правов пен Ольга Преображенскаяның «Вражьи тропы» кино сеансына түстік. Жаңадан шыққан кино болғандықтан ба, клуб ішінде ине шаншар жер жоқ. Бағымызға орай, драманың ақырғы көрсетілуіне үлгіріппіз. Фильм Қазақстан жеріндегі ұжымдастыру процесі, Ақмола, Көкшетау жақта түсіріліпті. Басты идея – қазақ жерінде бай-құлақтардың мүлкін тәркілеу мен отаршылдық-ұжымдастыру саясатын іске асыру болып табылады. Кино Окатов пен оның опасыз баласының іс-әрекеттері, оларға қарсы тұрған байдың бұрынғы малшысы – Роман мен коммунист Фешка және оның жолдасы жөнінде. Олардың арасындағы алғашқы махаббат. Билік пен байлықтан айрылғысы келмеген байдың айла-әрекеті өзіне қайта айналып теріс тигендігі туралы көрініс тапқан. Қазақша сөздерді естіп, жусан мен кең жазық туған жерімді көк экраннан көріп марқайып қайттым. Қасымызда отырған ақ-сары жүзді, қара қасты, келбетті қызбен де танысып алдым. Оны алғашқыда татар ұлтынан деп ойлап едім, ол қазақ қызы болып шықты. Есімі – Нәзипа екен. Тұратын мекен-жайын жіте сұрап, кездесуге шақырып та үлгірдім. Менің осы жаққа келуіме себеп болған Иваныма жол бойы рақмет айтумен болдым.

Кинода танысқан Нәзипа апта бойы ойымнан шықпай қойды. Оның кейбір қылықтары мен құлаққа жағымды жылы даусы баурап алғандай. Уақытты ысырап қылмай, бірінші кездесуден кейін, оның әке-шешесімен таныстым. Анасының

ақсүйектер тұқымынан шыққандығы көрініп тұр. Мәдениетті, көп оқып-тоқыған жан екен. Ал, әкесі болса, қарапайым қара жұмысшы жанұясынан шыққан. Нәзипа анасынан аумай қалыпты. Көкшіл көзді, ақшыл жүзді. Оның сыртқы бейнесі мен өзін көпшілікте ұстауы бұрынғы замандардағы хан-сұлтан қыздарының кербез келбет-қылықтарына келеді. «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» демекші, қанның құдіреті жібермейді, ата-бабаң хан болса, жеті атадан ел билер ұрпақ келері ғажап емес» – деп отыратын марқұм әжем ылғи да маған: «Есінде болсын, «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық»», – дейтін. Оның сөздерінің күші шығар, болашақ әйел таңдауда басты талабым – жарымның дүниеге келген, тәрбие алған ортасы болатын. Осы жағынан да Нәзипа – көңіліме қонымды. Оның нағашы атасы – Әбілқайыр ханның ұлы Нұрәліден тараған Бөкей Ордасындағы Жәнібек ханның өзі екен. Шешесі ханның татар әйелі туып берген жиен ұрпақты жалғастырушы. Ақпан – Қазан көтерілісінен кейін, кезінде ел билеген ауқатты әулеттердің шаңырақтары шайқалып, көбісі тарам-тарам таралып кеткен. Кейбірі сол жылдардағы саясат пен соғыстың құрбандары болса, Құдай қалап, көзі қалғандары атамекеннен алшақ аймақтарға қашып тынған. Бір кездері талай елді тамсандырған Жәңгір хан секілді алып теректің тамыры тартылып, талай бұтақтары қураса, ішіндегі аман қалғандары – Нәзипаның нағашылары. Олар ханның қандастары екендігін қауіпті құпия санап, бала-шағаларының таңдау-

лысына ғана өскеннен соң сыбырлап жеткізетін. Көп қонаққа да бармай, халық та қабылдамай, елден оқшау өмір сүріп келеді. Байқағаным, аш отырса да балаларын білім нәрімен сусындатуға тырысатын, бұл да кезінде қазақ жерінде алғаш оқу ордасын ашқан атасынан берілген абзал әдеттердің бірі шығар?!

Көп ұзамай шағын ғана топқа той жасап, Фатима апайымның үйіне Нәзипамды жан жарым қылып, жүрегім мен шаңырағымның төріне қондырдым. Екі еркек сән бермей, қараңғы тартып тұрған ескі үйге әйел кіріп, сәуле түскендей болды. Міне, енді үшеу болып күйбің тіршіліктің күйін кеше бердік.

Бүгін мен үшін ең бір қуанышты күндердің бірі болуы керек еді, Бірақ, қара шалды, қайғы басты...

Ертесімен жұмысқа келген бойда, әншейінде қарасы көрінбейтін балықшылардың топтасып, табалдырықты торуылдап тұрғандарын көріп, бір жамандықты жаным сезді. Өйткені, олар тек жалақы алуға, немесе жайсыз жаңалықты естіртуге осылай жиналатын. Жалақы алуға келулері мүмкін емес, өйткені ақша ұстағанымызға он күннің өзі де болмады. Тек қаралы хабар әкелген сыңайлы.

Қастарына бір елі жақындай түскенім сол еді, ішіндегі ұзын қарасы, бірақ, балықшылардың барлығы теңіз бен өзен желінен, аймақтың аса қатал климатынан беттері жарылып, сарыларына дейін қараланып, күздегі толқындардай түнеріп, жанарлары түксіп кеткен. Сөздің анығы – бәрі бір

бет. Басында сары болып келгендер бір жыл өтпей, қасындағыларына ұқсап қараланып кетеді.

Әлгі бір балықшы, бүгін азанда қара су жұтқан тағы бір бейшараның денесін тауып алғандығын жеткізді. Мен жылына кемінде он шақты рет еститін жаңалыққа етім үйреніп, ләм демей өтіп кетейін деген едім. Адамға тән құмарлық па, әлде іштегі тылсым түйсік тоқтатты ма, белгісіз. Қастарынан бір қадам аттап, кілт тоқтадым да, бағанағы қара ұзынға бет бұрып:

– Кім екен? – дедім.

– Қалай кім? Адам тағы! – деп, одан әрі түксие, дерекі жауап қатты.

Сауалымды дұрыстап қоймағанымды түсініп, жедел түрде:

– Ғафу өгінемін, кім дегенім, әйел ме, еркек пе әлде, бала ма дегендегім ғой деп ақтала түстім.

– Ааа, жас азияттық! Келіншек пе, қыз ба, білмедік. Денесі қатты ісіп кетіпті. Оның сөзін қасында тұрған әріптесі бөле:

– Бірақ, менің ойымша қазақ сияқты, өйткені, құлағында қошқар мүйізді күміс сырға болған деп іле жөнелді.

Бұл пікірді естіп, қақсайып қаттым да қалдым. «Бұл қалада тұратын, қазақтардың бәрін танимын. Той-томалақ, садақа, Құдайы тамақтарда жиі жиналатынбыз. Оның үстіне, Кеңес Одағында Құдайға сену үлкен бір қателік болып саналса да, қанмен келген әдет қалмай, жаратушыдан қорқып, бәріміз кейбір мұсылмандық парыздарды тығылып ұстанатынбыз. Жалпы, ислам емес, басқа дін бойынша да

өз-өзіне қол жұмсау үлкен күнә. Осыны біле тұра мұндай іске қазақтар бара қоймас. Менің ұлтымнан демейін десем, қошқар мүйізді сырғаны бұл жақта тек қазақтың қыз-келіншектері тағады. Суға кет-тіге жорысам, бұл кезде адам түгіл, жын-хайуан да суық суға түспес. Су патшасы Сүлейменге жанын тапсырған қай бейшара екен?!

Түске таман балық тазалайтын цехтағы қандастардан, өзеннен табылған бейбақтың кім екендігін сұрап-біліп, қатты күйзеліске түстім. Бүгін таңертең табылған дене – Оңастың күйеуге тиген қызы Әсия болып шықты. Осыны естіп, төбеме жәй түскендей, ұзақ есеңгіреп жүрдім. Соңғы рет үйленер алдында көрген едім, міне сол кездегі келбеті көз алдымнан кетпей қойды. Біресе оны, бірсе Васянды ойладым, жанарым жасаурамаса да, жүрегім жылады.

«Қайран, қарындасым-ау, келмес сапарға кеттің! Өмірден не көрдің, не алдың, түк те, түк те!... Адамдардың сөзінен сескеніп, ең болмаса, сүйгеніңмен сезіміңді бөлісе алмай кеттің-ау! Қайда асықтың, не себеп болды» деген ойлар күнұзақ дел-сал қылып, жұмыс жасауға мұрша бермеді. Мұндай қайғыны естіп, іштен тынып, үн-түнсіз отыра берген жарамас деп, жұмыстан үзіліс алып, бұрындары мен үшін соқпақ жолға арналған таныс көшені бетке алып, сан сұрақ, шырмауық сезім сергелдеңінде Оңастың үйіне тарттым.

Қайғы орын алған қақпа айқара ашылған. Арғы жағында абыр-сабырға салынған адамдар. Мен де дауыс көтеріп, жоқтау айтқан жұрттың



соңына ілесіп, аулаға кірдім. Есік алдынан қайғыдан қап-қара бұлттай түнеріп кеткен Оңас қарсы алды. Оған құшақтап, қайғысына ортақ екендігімді білдіріп, ішке кіріп кеттім. Бұрыннан ауру мен ауыр тірліктің жүгінен бүкसेңдеп, арықтап кеткен Әсияның анасы одан әрі бір уыс болып, екі әйелдің ортасында екі бүктеліп қайғыдан жатып қалыпты. Алладан тілеген тұңғышынан айрылған анаға оңай емес! Бейшараның жылап-жылап, жасы да таусылып, талықсып қалып жатыр. «Бауыр егі – баласын» енді көре алмайтындығына қайсыбір ана оңайлықпен көңігер? Санасы сенгісі, жүрегі қабылдағысы келмей жатқандығы хақ. Ол түгілі, бөтен біздерге қатты тиіп жатыр. Қайғыдан қан жұтқан ананы көріп, көзіме жас келді. Еркек адамға жас көрсету өлгенмен тең дегендей, жанардан шыққан суды сүртіп тастап жатсам да, тамшылап кетіп жатыр. Бұл жерде тұра беруге төзімім жетпей, теріс айналып, сыртқа шығып кеттім. Кіргелі кішкентай Әлиманы іздеп едім, таппадым. Мүмкін, қаршадай қызды қайғыдан аулақ, жақын туыстарының үйіне апарып шығарған-ау деп шештім. Біраздан соң Оңаспен қоштасқалы қасына келдім:

— Ағатайым, берік болыңыз, ертелі-кеш бәріміз сол жаққа кететініміз анық. Тағдырмен талас жоқ, дәм-тұзы таусылған ғой... Ол маған жақын, ең жақсы адамдардың бірі болатын, иманы шапағат, жаны жанатта болсын! Осы сөздерді айтқаныммен, өзім де сенгім келмей тұр! Бейне бір түс, алдамшы түлкі түс секілді. Егер де абайсызда оның көңіліне қаяу түсіріп алсам, әкесі ретінде, Сізден кешірім

өтінемін. Сау болыңыз! Тағы да келемін! Көмек керек болса, қашан да дайынмын, – дедім.

Бағанадан бері боп-боз, өз-өзін қолында ұстап тұрған Оңас, сол мезетте мені құшақтап алды да, өксіп жіберді. Ересек еркек адамның дауыс көтеріп, жылағаны жаман естіледі екен.

– Балам, қайтем енді, сорлы басым-ау! Қан мен тәннен жаралған кішкентай нәзік гүлімнің солғанын қарамайсың ба?! Одан сен емес, мен мәңгі кешірім сұрауым керек! Артық жасаймын деп, тыртық жасадым. Қызымның өміріне араласам деп, оны бақытсыз еттім, артынан бақилыққа аттандырдым. Енді оның алдындағы осындай ауыр айыппен қалай өмір сүрмекпін? Оның бақытын емес, өзімнің қара басымды көп ойлаппын. Әттең, сен келген сол бір сәтті кері айналдырсам, өзім-ақ сенің артыңнан қалдырмай, ілістеріп жіберетін едім. Сенің досың мен қызымның алдында айыптымын, айыптымын, бұл айыптан енді айықпаспын! – деп, Оңас күңіреніп қала берді. Мен болсам, терең ойдың, алуан түрлі сезімнің сергелдеңіне батқан күйімде өз шаңырағыма қарай асықпай, екі аяғымды әрең баса аттандым.

Үйге кіргенім сол еді, алдымнан бал-бұл жанып, Нәзипам шықты. Менің аузымды аштырмастан: «Күшті жаңалық айтайын ба, а?!» – деді де, менің жауабымды күтпестен: «Бізде бөпе болады!» – деп, айқайлап жіберді. Бүгінгі қайғыны Құдайдан келген жақсылық жуып-шайып, жүректен ысырып тастағандай. Екі аяқты пенденің жаратылысы осы болса керек, мәңгібақи жүректе таңба болып жа-

зылмас деген сезімдерді, жаңалай жан қуаттары басып жатады. Бүгінгі оқиға да осыған куә, ертемен тұла-бойымды тастай басқан наладан айығып кеткендеймін.

Көктемнің соңғы айлары да келіп, ауа-райы мен табиғат жаздың жақындағанын сездірткендей. Қыс бойы іштегі уайымға сырттан жүк болып, еңсемізді езіп жүрген қалың киімдерімізден құтылып, ойымыз да, денеміз де жеңілдеп, көңіліміз жадырай түсті. Бүгін Әсияның қырқы, бірақ ол жаққа бармаймын-ау деймін, өйткені, Васянға жолығу басты жоспарда. Оған оның өлімі туралы жеткізе алмағанмын, дәтім бармады. Барып, айтуға қанша рет оқталсам да, бата алмадым. Кешке жұмыстан соң, Ваня мен Нәзипаны алып, солардың үйлеріне бармақшымын.

Жақын досым емес, бауырымдай болып кеткен Васяның үйіне сағына, асыға барамын. Әсіресе, екі ұлын көргім келіп тұрады.

Түске таман, жұмыстағы есеп-актілерімді дайындап, ас ішуге оқталып, енді орнымнан көтерілгенім сол, есігім қағылмастан, айқара ашылып, жасы келе күнге күйіп топырақ түсті болып кеткен, шаштары секілді лай сары көкірекше киген Васян досым кіріп келді. Менің сәлеміме жауап берместен, тұмсық түйісер жерге дейін жетіп келіп, қатал дауыспен:

– Маған неге айтпадың? Мен неге мұндай қайғыны бөтен адамдардан естуім керек? Қалайша?! Ең болмаса, соңғы рет жүзін көруге қимадың ба?!

Нені меңзеп тұрғанын бірден ұғынып:

– Ауызым бармады, қалай жеткізудің амалын білмедім. Кешіріші, досым! Мен білемін ғой ол саған қалай жақын болғандығын, маған да солай жақын болатын. Шынымды айтсам, оның өмірде жоқ екендігіне әлі сене алмай жүрмін!

– Мен оның бақытты болғанын қатты қалайтынмын. Бар жүрегіммен, бар болмысыммен. Оның көзі мен күлкісін кездескен адамдардан іздейтінмін, ол жымиғанда бейне бір пейіштегі періштелер күлгендей болып көрінетін. Санам сан рет жасыруға тырысса да, жүрегімнің мұңы мен жыры еді! Отбасылы, балалы болып бұл сезім сағымға айналған шығар десем, ешнәрсе ұмытылмапты, оны бүгін білдім. Әттең-ай, оның осылай өмірден оғаш озатынын білгенімде!..

Досыммен мекемеден шығып, ақырын басып Оңастың үйіне қарай беттедік. Бұзықтық жасап, соның ауыртпалығы жаншыған жас бала секілді, жолдасымның әлсін-әлсін күрсінгені болмаса, жолай жақ ашпадық. Осы сәтте оған оңай емес екендігін түсініп келемін. Оңастікіне кірсек, алдыңғыдай қарасы көп адам жоқ. Үйге кірген бойда, қаумалаған орамалды келіншектер ортасын-да отырған Әсияның анасы көзімізге бірден түсті. Еркектер келді деді ме, әлде, шерлері таусылды ма, барлығы өре тұрып, сыртқа қарай асықты. Жалғыз қалған анаға жақындап, амандығын енді сұрамақшы болып ұмтылғаным сол, артымда жасырынып тұрған Васян менің алдымды орап, қылтиып сәлем берді де, айнала өтіп, ана кісіні құшақтап алды. Әсияның шешесі оны көремін деп ойламаған

болуы керек, сәл сасып қалды, артынан есіне қызы түсіп кетті-ау деймін, жылап жіберді. Сол сәтте Васяның да көзінен жас сауғалай бетін жуа жөнелді.

Бір адамға деген махаббат пен орны толмас ортақ қайғы жақындастырған, шыққан ортасы мен ұлты бөлек екі жан. Олар осылайша біраз отыратын еді, ұйыған үнсіздікті көңіл айтып келген адамдар тобы бұзбағанда. Артынан келген кісілермен бірге дастархан басына жайғастық. Әңгіме барысында, Әсияға ұрынған жамандықтың шет жағасына қанық болдық.

Ғұмыры әлі алда, жалындаған жас келіншекті жалмаған жалмауыздың өзі — оның жары болып шықты. Қамбар әйелінің оны шын жүрекпен жақсы көрмей, әкесінің айтқанына көніп тигендігін іштей сезінген болуы керек. Себебі, ерлі-зайыптылық өмірдің кіріспесін ашпай жатып, оған ылғи қоқан-лоққы көрсеткен. Қол көтеру былай тұрсын, ішіп алып, жат әйелдермен көңіл қосуды әдетке айналдырыпты. Әсияның отырып-тұрғандығына дейін балағаттап, адам аузы бара бермес «қу қатын өлім қап!» сынды сөздермен сандырақтаған. Таяқ еттен өткенмен, тіл сүйекке жететіні хақ, күйеуінің суық сөздері шамына әбден тиген болуы керек, кезекті кикілжіңнен кейін, таңға таман көйлекшең сыртқа шығып кеткен. Содан оралмай, тек төртінші күні өлі денесін балықшылар судан көтеріпті. Табиғатынан тұйық Әсия әке-шешеге, не досбауырға Қамбардың қылықтарын айтпаған көрінеді. Ерлі-зайыптылардың ауыр ара қатынасын, бір

жолдары қонаққа келген Әсияның бөлесі ғана байқап қалыпты.

Қазақ қыздарының құлақ құрышына қаршадайынан «қайтып шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман», «ұзатылған қыздың еті сенікі, сүйегі менікі» сынды сөздерді құйып тастайды. Сондықтан да, олар ұзатылып кеткен соң, ерлерін жамандамайды, тигені нашар болса да, соны өмірінің соңына дейін көтеріп, үй мен бала қызметіне алданып күн кешкен. Отырса опақ, тұрса сопақтың күйін кешкен Әсия да, қиналса да шыдап бағып, шегіне жеткен соң өз-өзіне қол жұмсауға бекінген тәріздес.

Ал, Қамбарға келетін болсақ, әйелі жоғалған күні-ақ, ешбір қайым-қаперсіз басқа бір шүйке бастың жетегінде кеткен. Оны келіншегінің әкешесі кешіргенімен, адам түгілі құрт-құмырсқаның обалын жібермейтін жаратқан тиісті жазасын бере жатар. Қамбар «алма, алсаң обалына қалма» дегенді білмей өскен еркек емес, ездің бірі болып шықты. Әдемі де, ақылды қызды бақытты қыла алмады! Осы оқиғада мені тек бір адамдардың әрекеті әбіржітті, ол – күйеу жігіттің әке-шешесі мен қарындасының келінге деген салқын сыңайлары. Бірге таң атырып, күн батырып, бір асты бөлісіп отырған жат болса да, жақындарына айналған жанның осындай күйік күнін көре тұра, неге араша түспеген, ақымақ балаларына не үшін ақыл, басу айтпаған? Бәлкім, үлкендік ақылдарын қосса, мұндай өкінішті өлім орын алмас та еді?!

Васян екеуіміз ол жақтан іңір үйіріле шықтық. Іштегі шерді тарқату үшін, ащы су алып біздің

үйде отырмақ болып шештік. Кірген бетте, көптен көрмеген жақын адамның келгеніне Нәзипа бір жағынан таңқалып, бір жағынан қуанып жатыр. Дастарханына нан-шәйін қойып әуре. Үнемі күліп, қалжыңдасудан жалықпайтын адамның жүзінен мұнды ойды аңғарып, ыммен: «Не болып қалған?» – деп сұрауда. Меннен мардымсыз жауап алған соң, бізді оңаша қалдыру ниетімен, жиналып, екі көше жоғары тұратын төркініне кетті. Екеуіміз қалған соң, Нәзипадан ұялып, араққа сабырлық танытып отырған досым, ішімдік толған ыдысты бірінен соң бірін төңкеріп, тауысты. Васянның осылай сылқия тойғанын екі рет көріппін. Бірі – Әсиямен ара-қатынастарын үзген, екіншісі – бүгінгі күн. Масайып алған досымның, біраздан соң аузын азар ашып, ыңылдап өлең айтып отырғандығы құлағыма жетті. Бар зейінмен тыңдасам, менің Васяным қазақтың халық әні «Айқаракөзді» мұрнының астымен шырқатып отыр екен:

*Айналайын, қарағым, қара қасың,  
Қос иықта бұралған қолаң шашың,  
Айқаракөз, жүрмісің,  
Сау-саламат, қызыл гүлім-ай?  
Жөнің бөлек, ай-бұлбұлым, жүрмісің  
Сау-саламат, қызыл гүлім-ай?  
Алтын қайық жарасар күйімесімен,  
Наздана алмас сұлу қыз сүймесімен,  
Айқаракөз, жүрмісің,  
Сау-саламат, қызыл гүлім-ай?  
Жөнің бөлек, ай-бұлбұлым, жүрмісің  
Сау-саламат, қызыл гүлім-ай?!*

Масайып қалғаны болмаса, бұрыннан қазақшаға судай досым, әнді мінсіз айтуда. Айтып отырып, жасаураған жанарын көріп, денем түршігіп кетті. «Қайран, ақ көңіл, адал жүрек, жан досымау, оңай тимеді ғой саған!»...

Артынан бұл өлеңді қашан және қалай жаттап алып жүргендігі туралы сұрастырғанымда, «Әсия тұрмысқа шығып кетті» – деген күні, іштегі сағыныш пен күйінішті сарқылту үшін, балалық шақтан жақсы таныс әнді таныстары арқылы сұрап, мәтінін жазып, жаттап алғандығы жөнінде айтты. Оны іздеп, зарыққан шақтарында осы әннен жұбаныш тапқан. Артынан балалары дүниеге келіп, алғашқы махаббатын ұлдарына деген сезім мен тынымсыз тірліктің тауқыметі басқан.

Әлі есімде, жат-жақынға көп ашылып, сыр бермейтін Әсия, тек Васянның қасында өзін еркін ұстап, ерекше құлпырып кететін. Екеуінің бояусыз, шынайы бақытты кездеріне мен куә едім. Олардың ең керемет күндерінің белгісі ретінде – қос ғашықтың иық тіресе қатарласып, күліп-ойнап, сай асып бара жатқан сәттері санамда жатталып қалған болатын.

Өкініш пен өксіктен жаралған өмір жолдарында жүректері жараланбай, жабырқап-жасымаған жандар жоқтың қасы. Тағдыр сынақтарынан сүрінбеген адам шыңдала, шыдамды болады, ал төзімдінің алдында тіршілік те таяғын тыйяр. Осыдан кейін Васянның қатты ішкенін де, бұрынғыдай қарқылдап күлгенін де көрмеппін. Оның табиғатынан күлегеш, мейрам мінезін уақыт өте келе салқын салмақтық басты.



## Үшінші тарау



Бұл 1941 жылдың бірінші тоқсаны еді, еліміз ашаршылық нәубатын енді ғана жеңіп, тыныш өмір сүруге көшкенбіз. Мәдениет пен экономика, білім мен ілім қарқынды дамып, ұрпақтарымыздың ертегідей ертеңіне сенімді едік. Бұл тілегімізді фашистер бұзатынын кім білген?! 30 жылдардың аяғында мұздай қаруланған азулы шет елі, өзінің одақтастарымен елге соғыс ашпақшы деген суық хабарды құлағымыз еміс-еміс шалған. Еш дәлелсіз туылған жаман қауесетке сенгіміз келмей, халықты үркіткелі жүрген кезекті өтірікші-алаяқтардың сөзіне баладық. Бірақ, кешегі алып-қашпа әңгіме бүгінгінің шындығына әп-сәтте айналды.

1941 жылғы 22 маусымда Отанға орасан зор зардап әкелген жау әскерлері ел шекарасына ескертусіз енді. Ұлы Отан соғысының басталғаны туралы Молотовтың өзі хабарлады. Ертеден қайғы мен қасіреттің дәмін толықтай тартқан халық келесі бір сұмдықтың ауылы алыста емес екендігін іштей сезетін. Күткен жамандық та көп ұзамай келе қалды. 1905-1918 жылғы туылғандар арнайы шақырту алып, артынан жедел түрде әскери полктарға жасакталып, майданға аттандырылды.

Жау сарбаздары ана ауылды құртты, адамдарын тірідей өртеді, сәбилерін итке тастап, келіншектерін зорлады деген сұмдық әңгімелерді күнде еститінбіз. Жаумен күрсеуге жақында ғана кеткен-



дердің үй-іштері көп ұзамай үш бұрышты қара қағаз алып жатты. Біздің Одақтан адам шығыны көп болды. Көбісі өліп, қалғаны тұтқын болып алысқа айдалды. Фашистер жаулап алған аймақтың адамдарына ауыз бармас айуандық жасаған. Олардың әрекеттерін жарыса жазған газет-журналдар, Кеңес адамдарының жауға деген ашу-ызасын қайната, өршелендіре түсті. Басында жарамсыздар қатарына іліккен орта буын өз еріктерімен қару ұстап, іні-ұлдарының артынан майданға аттанды. Талайы ұрыс алаңына рұқсат алғанша, әскери бөлімдердің табалдырығын тоздырды. 1941 жылдың жазында мен де екі қызым мен жан жарымды тастап Ұлы Отан соғысына аттандым. Жасырын полк қатарына қосылдым. Бізді соғыстың нағыз ошағы – Украинаға бағыттайтын болды. Басты мақсатымыз – жау әлі түгелдей жайпай қоймаған аймақтағы ауылдарға сіңісіп кету. Солай жаудың осал жерлері мен жоспарларын анықтап алу. Артынан партизандардың тобына қосылып, жауға қарсы шығу. Тобымызда алты адамбыз. Әртүрлі ұлт өкілінен: екі орыс, бір өзбек, екі беларус және мен – қазақпын. Бесеуміз айлап арнайы дайындықтан өтсек, өзбек Отабек артынан келіп қосылды. Өйткені, ол Отан алдындағы борышын адал өтей алмаған. Он жетіге енді келген жас бала соғысқа барған бойда, мыңдап өлім құшқан адамдар санынан шошып, елге қалай да қайту жоспарын жүзеге асыруға бел буған. Ол үшін шүрпіні бастың сұқ пен ортаңғы саусақтарын окоптан шошайтып, майдандас қандасының көздеп атуын сұраған. Олар осындай қулықпен майданға жарамсыз болу-

ды көздеген. Алайда, Отабектің саусағы атылып, қасындағы жолдасын соғысқа жарамсыз қылу іс-әрекеттері үстінде қолға түскен.

Аласапыран уақытта мұндай қулыққа барған адамдар көп болатын. Артынан біздің жақтан да сондай бір-екі адам шықты дегенді естігенбіз. Кейбірлерінің жоспарлары жүзеге асып, елдеріне қайтса, енді бірлері тұтылып жатты.

Отабектің шағымдануға жатпайтын, Кеңестік Отанын сатқандар қара тізіміне ілігіп, әскери трибуналармен қалайша атылып кетпегендігі бәрімізді таң қалдырды. Бағына ма, әлде сорына ма белгісіз, оны біздің топқа қосты. Ешқандай дайындықсыз, қараға қару кезене алмайтын дәрменсіз жауынгерді, арнайы «пушечное мясо» ретінде жібергені бәрімізге айдай анық. Оның өлім құшатыны немесе сансыз сатқындар қатарын толтыратынын біз де, ол да білетін.

Отабек арқалап жүрген ар-ождан жүгінен бүкшендеп, одан әрі шөгіп, шыбықтай бола қалған. Сол аяғын сілтіп басатын қараторы жігіт істеген ісіне бола біздерден ұялып, өзін ылғи шет ұстайтын. Бірнәрсе сұраған кезде, көзін көтерместен жауап қайтаратын. Арамыздағы жалғыз мұсылман болған соң да, жастығын да ойлап, оны аяп, тамақ ішерде қасыма шақырып алып әңгімеге жиі тартамын. Бес қыздан кейінгі жалғыз ұл, қишлақта тұрған. Әке-шешесі мен әпкелері тұяқ жалғар «жар дегенде жалғыз» ұлды жастайынан аса қамқорлыққа алғандықтары көрініп тұр. Өңкей қыздардың арасында өскен соң ба, оның әрбір іс-қимылдары мен тіптен саған қараған қарасынан ер мінез-

ді еркектерге тән емес нәзіктікті байқайсың. Лебіздерінде де нықтылық жоқ. Орыс тілін жетік білмейтін ол, басында көп тілге келе бермеуші еді, қазір орысша мен өзбекшесін араластырып ашыла түскен. Көбінесе менің жанымнан шықпайды, жаттарда жаратқан туралы көп сұрайды. Өлім мен өмір бәйгіге түскенде, адамдар жан мен тәннің тазалығына аса көңіл бөліп, бақилық туралы болжап, жаратушыға жақындай түседі екен! Оған дәйек – ұмытыла бастаған «Біссімиләні» жиі қайталайтынымды байқадым. Кейінгі уақытта марқұм анамның: «Бісіммілә» емес, «Бісіміләһир» деп, «и»-ді созып айт, «и» ғаріпінен жын-шайтан қашады» деген сөздері құлағыма келеді. Енді бұл бір ауыз сөз менің таңымды атырып, түнімді батыратын болды. Елге қайтқан соң намаз оқитын болып шештім.

Қасымыздағы беларустық елгезек, ақ ниетті жақсы жігіт Багдан да мойнындағы күміс кресін тастамайды. Ұйқы алдында «Спаси и сохрани»-ін айтады. Осы бір жігіттің жақсылығын бірден сезуге болады. Одан кез-келген адамды өзіне тартар ерекше, жүрегі пәк жандарға ғана тән таза аура бөлініп тұратын. Жүзі де жылы. Тобымыздағы барлығымыз онымен ақылдасқанды ұнатушы едік. Білмейтін дүниесі, оқымаған кітабы жоқ. Ақындық қасиеті де бар. Ылғи артынан қалған қарт шешесі мен әдемі қалындығы – Адасына өлең шумақтарын арнап хат жазып отыратын. Алғашқыда Отабекті барлығы сатқын санап, оның қасына жолауды жөн көрмегенде, Багдан өзінің кең жүрегімен кешіре біліп, оған бірінші болып тіл қатқан. «Жақсыдан

тұяқ қалмас» дегендей, осындай жас та жайдарлы адамның арамыздан бәрімізден бұрын ерте кететінін кім білген?!

Таңғы шәйімді сіміріп, далаға шыққаным сол еді, алыстан қарайған көліктің тұмсығын көрдім. Күн көтерілмей жатып, кім келе қалды екен деп топшалағанша, төрт дөңгелекті темір тұлпар тез-ақ жетті. Ішінен ұйқылы-ояу, аяқтарын азар басып, бұрыннан таныс бастықтар шықты. Қолтықтарына қысқан құжаттары қылтиып тұр. Кейбірі түсе салысымен темекі тұтатып, көк түтіннің тамашасына батуда. Соған қарағанда жол бойы сіріңке тұтата алмай діңкелері құрыған сыңайлы. Жүзі жаттанды бастықтың біреуі қасыма келіп, Отабекті сұрады да, ішке кіріп кетті. Мен де маңызды мәселеден құр қалардай, артынан ілесе жүрдім. Анандай жерде топтасып отырған жолдастарым атып тұрып, шені үлкен офицерге әскери сәлемдесуде. Міндетті рәсім орындалған соң, ол Отабекке қысқа да нұсқа: «Жинал!» – деп қайырды. Байқұс бала сасқанын білдіртпей, шапшаң қимылдай, жартымсыз жүгін жүгіре жинап жүр. Осылайша, ол оны арамыздан үн-түнсіз алып кетер еді, Багдан кенеттен дауыс бермеген де:

– Кешіріңіз, бұйрықсыз оны қайда апара жатарсыз?!

– Меннең бұйрық сұрайтын сен кім едің?! Сарбаз, саған қатысы жоқ іске, таңқы танауыңды тық па, түсіндің бе?! – деп, тарамыс денелі, қатқыл өңді, ұзын тұра, дік етті.

– Сізде қатардағы сарбазды алып кету себебі жазылған құжат болуы тиіс, ал, онымен танысты-

руға міндеттісіз! Онсыз ешкімнің бұл жерден аяғы алыстамауы керек!

— Сен қоймайды екенсің?! Маған, көсемнің офицеріне заң соғатын сен кім едің?! Әлде кімнің кім екендігін ұмытып тұрсың ба?! Ха-ха қатардағы сарбаз дейді ғой мынаны?! — деп Отабекті нұсқап, сөзін жалғастырды:

— Ұмытпасаң, ол қатардағы сатқын. Тек жүрегі жұмсақ өкім шығарушылардың арқасында аман қалған. Бірақ, әділдік әрқашанда жасайды. Дәлелі, оның ісі қайта қаралып, басқа бұйрық күшіне енді. Сағынсаңдар, соғыстан кейін оны Сібір лагерінен табарсыңдар! — деді де, Отабекті алдына салып айдап кетті.

Отабектің орны ойсырап қалды. Бәріміз оған бауыр басып қалып едік. Әсіресе, діні жақын жас жігіттің жоқтығы маған батты. Дайындық бітіп, арнайы тапсырманы орындауға кеткенше, мен оны ылғи уайымдап, құдайдан қамқорлығына алуды тіледім. «Сүрінбейтін тұяқ жоқ» дегендей, бір рет жаңылған Отабек аман қалып жатса, қатесін қайталамайтына сенімді болғанмын. Сондықтан, менің бастауыммен, қалғандарының қолдауымен Отабекке кешіріммен қарап, аса қатал жаза қолданбауды сұрап жазған өтініш хат жоғардағыларға табысталды. Бірақ та, біз берген қағаздың назарға алыну-алынбауынан беймәлім қалдық. Өйткені, хаттан кейін, көп ұзамай барлығымыз жіктеліп, жау тылына жедел жөнелтілдік. Содан кейін, мен оларды көргенім жоқ. Тек арамыздан бірінші болып, сатқындардың қолынан қаза тапқан Багданның ерлігін естідім.

Жойқын соғыста қасық қаны қалғанша қару ұстап, артта қалған қалыңдықтарын бір құшуды армандап, қыршыннан кеткен жігіттер қаншама! Олардың да асыл армандары, сарғайған сағыныштары мен өмірге деген құштарлықтары болған еді... Өкініштісі, тозақтың түтініндей түнек соғыс армандарын аяқ қылып, жапырақ жандарын жұтып, жарықтан жырақ кетірді.

Майданда жүріп, өткен шақта көзіме елестете алмайтын, жау жауыздығын көрдім. Із-түссіз кеткен тоғыз баласын күте-күте соқырға айналған шалды, сүйіктісінің өлімін қабылдай алмай өзіне қол жұмсаған аруды, жалғыз баласын жерге тапсырып, ақылынан адасқан ананы көрдім! Аштық пен аурудан, шайтан оғынан қаза тапқан кәмелет жасқа толмаған балаларды көрдім! Жүрек жұтқан жанкештілерді, қоян жүрек қорқақтар мен сапасы жоқ сатқындарды да кездестірдім. Күні-түні Құдайдан соғыстың бітуін сұрадым.

Жау оғы саябырлап, айналамызда кішкене болса да тыныштық орнағанда қыздарым мен жарыма және басында Белоруссияға бағыт алған Васян досыма хат жазамын. Украинада жүріп, осы халықтың жиі айтылайтын әнін де жаттап алдым.

*Ой там на горі, ой там на крутій,  
Ой там сиділо пара голубів.  
Вони сиділи, милувалися,  
Сивими крильми обнімалися.  
І взявся стрілець, стрілець молодець,  
Й убив-розлучив пару голубів.  
Він голуба вбив, голубку зловив,*

*Приніс додому, пустив додолу.  
Насипав їй тиінця, аж до колінця,  
Налив водиці аж до крилиці.  
Голубка не їсть, голубка не п'є,  
На круту гору все плакати іде.*

Қан мен тер төгілген майданнан кейін, қуанышты қауышуда досыма осы әнді шырқасам екен деп ішімнен тіледім. Бұл менің «Айқаракөзді» айтқан досыма, қайтарған құрмет қадамым болар.

Соғыс пәлекет кіруімен, Мұқилашқа деген сағыныш сезімім санам мен жүрегімді мазаламайтын болған! Бірақ, бүгін ол түсіме еніпті. Жүзі жабырқау және анық емес, үн-түнсіз кірді де, алыстап кете барды. Ол қазір үлкен ақылды қыз болған шығар?! Кішкентайынан зерек жаным менің, оның санасыз болуы мүмкін емес! Мына аласапыран жаман күндер өткеннен кейін, іздеп-тауып алармын! Жерді жеті айналып жүрсем де міндетті түрде табуым керек!

Есімде, Назардың «жат, жерге жат» деп айқай салғаны. Одан кейін, өз денеме өзім ие бола алмай, тіке сайдан Жайыққа қарай құлзи жүгіріп түстім. Жан-жағымда мүлтіксіз тыныштық орнаған, бәрі жап-жасыл. Шөптер мен биік қарағайлар. Өлеңмен өрнектеп, көркем сөзбен көркейтіп суреттеу мүмкін емес, бейне бір жаратқанның жұмағына кіргендеймін, бейне бір Исаак Левитанның пейзаждарына енгендеймін. Бұл жерден ешқайда кеткім келмейді. Пендеге тән ашу-ыза, өкініш, қызғаныш, қайғы, қуаныштан жазылып, жанымды рахат сезім басқандай. Білмеймін қанша уақыт өткенін, бір



мезетте өзеннің ар жағынан қарайған әкемнің бейнесін байқадым, ол арғы беттен үнсіз, тек ыммен мені шақырғандай болды. Ағысы асау, асыл судан қалай өтемін деп тұрып, шешемнің әкемнің жанына қалай жақындап келіп қалғандығын байқамай қалыппын. Ол әкеме таяп келіп, сұсты күйінде, оның білегін тартқылай, өзімен ілестіріп алып кетпекші. Әкем болса біресе маған, біресе анама қарап жәутендеп тұрды да, артынан кете барды. Оларды тоқтатқым келіп, «апалап, әкелеп» айқайласам да, әттең-ай, даусымның шықпағандығы. Тек кетерінде әкемнің: «Балам, Мұқилашты таба ғой!» – деген сөздері жаңғырықтай құлақты тұндырып тұрып алды. Жаңа ғана жан-дүниемді жаулаған жайбарақат сезімнен әп-сәтте арылып, өн бойымды дәрменсіздіктен шығатын өкініш пен мені тастап, алыстап бара жатқан жақын адамдарыма деген өкпе басты. Осы сезіммен арпалысып, қара терге малшынған күйімде әділетсіздік пен жауыздық жайлаған жалғанға қайта оралдым. Басым қара қазандай, миым солқ-солқ етеді. Қуыс кеудемдегі жасырын жүрегім де аласұра тарсылдап, тіліп шығардай. Айналамдағылар менің енді оңалмайтынымды болжап, ақтық демімді күткен екен! Өйткені, арқам мен иығымнан өткен оқ, сүлқ түсірген. Осы күйде өліп кетуім де мүмкін еді, жараланған жартылай өлі денемді Түркісіб легионынан қашып, біздің топқа қосылған Назар алып шықпағанда.

Сол күні Назар және мен жақын жердегі жау тылына барып, көптен аңдып жүрген фашистің

тілін қолға түсіру жоспарын жүзеге асырмақшы болып тоғайдан сайға көтерілдік.

Назар екеуіміз топтағы торуылдаушылармыз. Ал, біздің басты нысана – құнды ақпаратты Германиядан майдан алаңына тасушы, көк көз, шошқадай семіз, екі метрлік фашистің өте беделді тілі. Оны Назар айнымай таниды. Өйткені, Түркістан легионын Украинаға жіберудің бастауында осы тұрған. Артынан бұл идея мақұлданып, өңкей азиаттар мен кавказдардан тұратын легион жасақталып, осы жаққа жөнелтілді. Лагерь азабынан азат болған кешегі Кеңес солдаттарына фьюрер жетдеттері: «Сталин сарбаздарына өтсендер, сендер түгіл, өз баласын аямаған көсем, сатқын санап, тұқым- тұяқтарымен қоса құртады. Оның үстіне біздің әскер жақында жеңіс тойлайды, ал сол жеңіске үлес қосқан легион сарбаздары, Адольф Гитлер идеясын қолдаушылар ретінде танылып, туған жерлеріне аса құрмет, сый-сыяпатпен жөнелтіледі. Жаңа республика үлкен мансап пен байлық береді» –деген сөздерді күнде айтып, саналарына сіңіріп тастауға тырысқан. Жаксы тамақ пен жылы киімге мастанған кейбірі, солардың ығына көнсе, ал Назар бастаған он екі қазақ жігіттері Отан үшін күрестерін жалғастыруды іштей түйген. Орайы келген түні фашист командирлері мен бұларға қарсы шыққан легион сарбаздарын бауыздап, барлық оқ-дәрі, басқа да дүниелерді көтеріп, партизандарға қосылды. Қару-жараққа зәру партизандар, жаудың күшті қаруларын алып, және қатарлары жаңа жауынгерлерге толып жетісіп қалды.

Төңіректі тастай қараңғылық басқанда, екеуміз жау тылына қарай жылжыдық. Қолға түсіруді көздеген адамның палаткасын қас қақпай бақылаудамыз. Жау жағында жарық қосылған, ол да бізге көмек. Біз көрінбегенмен, жарықтағылар біздің алақанымыздай. Оның үстіне күз салқынынан тоңған жауынгерлер, палатка ішіне от жаққан. Соның арқасында, олардың немен айналасып жатқандығы оттың алауымен берілуде. Алдында жаудан бізге қашып келгендер өздерімен неміс командирлерінің киімдерін де ала келген, солардың ішіндегі шағын өзімнің иығыма іліп шықтым. Ондағы ойым, түннің бір уағында, ұйқы қысқан сарбаздарды киіммен алдап, тілдің палаткасына ену және оны тірі күйінде біздің штабқа табыстау. Тіл ұзақ уақыт құжаттарды ма, кітаптарды ма, белгісіз, шұқылап отырып алды. «Иттің баласының ұйқысы да жоқ екен» деп, Назар оны жарты дауыспен боқтап қояды. Әншейінде иттерін тастамайтын күзетшілер, бүгін тек қарумен. Құдай қаласа, сәттілік серігіміз болатындай сезімдемін. Алда күтіп тұрған белгісіздік пен қауіптен, көп күндер тамақ татпаған ішегім шұрқ айналып, адам табиғатына тән дыбыстар шығаруда. Фашистің шамы өшкенде: «Бісмилләһир, ата-бабам аруағы қолдасын!» – дедім де, қолайлы мезетті пайдаланып, жау шебін аттадым. Сарбаздарды суық пен ұйқы қысып, қауіпсіздіктің қамын қамтымағандай, себебі, маған көңіл бөлген бөтендерді байқамадым. Неміс жаққа өткен соң, аса бір қауіпті кездестіргеннен кейін, бағанағы қорқынышты өз ісіме деген сенімділік басты. Тек палаткаға жақындағанда жүрегім

дүрсілдей түсті. Терең демалдым да, тағы мысықтарға тән ептілікпен ішке ендім. Тастай қараңғы жерден, енді қорылға кеткен көк көз пәлені бірден тауып, қимылға келтірместен, жағы мен қолын тастай қылып байлап тастадым. Сосын ешкім байкамасын деген ниетпен, оның үстіне ұзын сұр плащын жауып, бүйрегіне пышақ тақап алып кеттім.

Тек құр сөз тасу мен құжат толтырудан басқа, қан майдан қақтығыс алаңына көп аяқ баспаған қорқақ тілді, осы түнге дейін өлім туралы ойлар мазаламаған болуы керек, қаперден келген қауіптен шошынып, бұтына сиіп жіберді. Оның бұл қылығына іштей жиіркеніп: «Тыныш қана, бір үн шығармай жүресің, қылт етсең бүйрегіңе тақалған пышақпен жайрап тастаймын, өзім өліп кетсем де бәрібір», – дедім. Айтқан сөзім әсіре сенімді шықты ма, әлде, жаны қысылғанда өзге тілді тез ұғына қойды ма, ол түсінген сыңай танытып, қайта-қайта басын изей берді.

Аса бір маңызды тұтқынмен келген мені Назар қуанышты қобалжумен қарсы алды. Жолды Назар бастап, ортамызға тілді алып, арттарынан мен жүріп отырмын. Бір мезетте, соңымыздан қалмай ерген қуғыншылардың қадамын естідік. Бар күшімізбен қашқанменен, ортамыздағы қолы байланған тұтқын, қараңғы түнде аяқ астындағы шыбық, тастарға сүрініп, бар салмағымен құлай берді. Екі пұттай май мен етті аямай жинаған фашисті орнынан тұрғызу да оңай болмады. Оны қолтығынан демдеп, тұрғызамыз деп, қазіргі сәтте, алтыннан да қымбат секундтардан айрылып жаттық. Ал, артымыздан қуған жау өкшелей түсті.

Деміміз де бітіп, фашистер де жетіп, бізге оқ жаудыра бастағанда, ар жақтан партизандар да көмекке келді. Тастай түнекте жаудың бей-берекетсіз атқан оқтарының бірнешеуі менің денеме тиіп, соның салдарынан оң жақ иығымда соғыстан өмірлік із қалды. Қатты жараланған мені Назар көтеріп шыққан. Көп күндер есімді жинай алмай жатып қалған көрінемін, мені көбісі өлілер қатарына да қосқан. Бүгінгі менің өзіме келуіме, талайы таң қалды. Кішкене қалыпқа келген соң, жақын жердегі емдеу орнына жатқызылдым.

Еңбегіміздің еш кетпегендігі осы болар, қолға түсірген тіліміз, штабтағыларға өте маңызды ақпараттарды айтқан. Артынан осы жорығым үшін, Ленин Орденіне ұсынылып, марапатталдым. Соғыс жылдары сонымен қатар, елу күн-түнге созылған, Курск дугасы шайқасына қатыстым. Сол қан майданда жақын жолдасым, қандасым, Көкшенің көрікті де күшті жігіті – Назардан айрылдым. Тек одан емес, екі жылға таяу бірге батпақта да, белде де беріспей соғысқан жауынгер, партизан жолдас-тарымды өлімге аттандырдым. Өмірге деген құштарлығым талай рет өлімді жеңіп, ана жақтан оралып жүрдім. Соңғы рет менен бір қадам алшақ жерде бомба жарылып, контузия алдым. Ол кезде де дәрігерлер менен үміт үзіпті, тек белгісіз күшпен, есімді жинап, артынан елге оралдым.

Жанұяммен аман-есен жүздесіп, қыздарымды құшағыма алып, мауқымды әбден бастым. Жоспар бойынша он шақты күндей үйде тынығып, қайтадан майданға аттануым керек еді. Бірақ, екі күннен соң, шұғыл шақырумен аудан басшылығының

қабылдауында болдым. Ол жақтағылар, қазір елде кәсіпорын тізгінін ұстайтын білікті кадрлардың жетпей жатқандығын алға тартып, менен Орда қаласына қоныс аударуымды және сол жақтағы май зауытының дамуына өз үлесімді қосуымды сұрады. Аласапыран заманда бүйтпеймін, сөйтпеймін деудің өзі күнә, оның үстіне отбасым қасымда болады, неге бармасқа, өз келісімімді бердім. Ертесіне көп жылдар жаныма, жанұяма жылу сыйлаған Фатима апайымның қара шаңырағының кілтін көршіме табыстадым да, бұйрықпен басқа мекенге көштім.

Келген бойда, май зауытының басшысы болып тағайындалдым. Қайтадан өңшең қатынқалаш, бала-шаға еңбек ететін ұжым тізгінін ұстадым.

Жұмыс қолы жетіспейді, соған қарамай партия бекіткен норманы орындау керек. Таңғы бестен, түнгі он бір, он екіге дейін сол жақта жұмыста жүремін. Бұрындары балық цехінен басқа ешнәрсе көрмеген мен үшін, май өндірісі таңсық болды, артынан тәжірибе арқылы үйреніп кеттім. Басқа адам жасағанды неге маған істемеске дедім де, білек сыбанып кірістім. Келгелі екі ай ішінде өндірісті өрбітіп, ай сайын келіп тұратын комиссиядан сүрінбей, мақтау-марапатқа да қол жеткіздім.

Бұл күндері халықтың халі өте нашар еді. Кейде бұрынғы ашаршылық қайтып келгендей көрінетін. Жартылай аш жасөспірім балалар үлкендерден қалмай, азанмен жұмысқа араласатын. Көбісі он бес, он алты жас шамасындағы әкеден,

ағадан айрылған жас жеткіншектер. Біздің өндірісте де осындай жарты жетімдер жетеді. Олардың тәрбие-тәліміне көңіл бөліп жатқан қоғам жоқ. Өздерін тынымсыз еңбек арқылы тәрбиелеуде. Жұмыс кестесінде бос уақыт бола қалғанда, балаларды жинап, ақылыммен бөлісіп, кішігірім пікірталас ұйымдастырып тұрамын. Олар жабылып, жау әскерімен қалай пайқасқаным туралы сұрайды. Менің әңгімелерімнен кейін рухтанып, кәметке жеткен соң, міндетті түрде Отан қорғау үшін от кешеміз дейді. Кейіннен бәріміз қосылып ел аузындағы әндерді шырқаймыз. Осынау кездерде мен бүкіл кедергілер мен қайғыларымды ұмытып, өзімді бақытты сезінетінмін. Сол күндері үйге де көтеріңкі көңіл-күймен ораламын. Балалармен уақыт өткізгендігімді нәзік жанды Нәзипам да бірден аңғарып:

– Көңіл-күйің күшті екен, балаларға не айттың бүгін? - деп қояды.

– Білесің бе, мен соғыс келгелі жаратқанмен неше рет тілдестім, тек сендердің, Мұқилашымның, Васянның амандығын тілейтінмін. Ал мұнда келгелі күні-түні Құдайдан періште жүрек жастардың жайын жақсартуын, оларды соғыс деген лағынеттің лаңына араласпауын сұраймын.



## Төртінші тарау



Саня бүгін де жұмыстан кешігіп қалды. Шешесі ертерек оятамын деп еді, сөзіне тұрмады. Ол апыл-ғұпыл жиналды да, тамақ ішпестен зауытқа қарай жүгіре жөнелді.

Саня анасы және жүні көмір секілді қап-қара мысық Чернышпен үшеуі тұрады. Тумай жатып тастап кеткен әкесінің есімі мен елі жөнінде титтей де хабары жоқ. Бір-екі рет анасынан сұрап еді, ол жарытып жауап бермеген соң, бұл істі де қойды. Шешесі – көп сөзге келе білмейтін, арық денелі, ауыр мінезді келіншек. Олар ауылдың ең шетіндегі сайда тұрады. Ешкіммен араласпайды, бұларды да адамдар жатырқап, жақын тартпайды.

Бала кезінен қит етсе шешесінен таяқ жеп өскен Саня жасқаншақ мінезді. Бөтенге сөз айтып, басқа балалар секілді бұзықтық жасауды білмейтін. Сонда да, шешесі жұмыстан шаршап келген күні өмірге деген өшін осы титтей баласынан алуға дайын тұратын. Кейде Саня анасының өзі туғандығына күмәнмен қарайтын, қиялдарында нағыз шешесі оны іздеп келіп, құшағына қысып жатқандай көрінетін. Өмірге келгелі бірде-бір жан басынан сипап, бетінен сүймеген. Бір қызықтысы, сүйіспеншілікті көрмей өскен бала – айналасынан алмаған махаббатты өзі беруге құштар болатын. Әсіресе, жануарларға. Көшеде кездестірген, күшік, мысық, кірпі, тасбақаға дейін үйге тығып таситын.



Өзі аш қалса да, соларды тамақтандыратын. Анасы талай рет оның тілсіз достарын шоланнан тауып алып, лақтырып, өзін өлермендей қылып сабап тастаған да. Сондай күндері, оған қатты ызалана-тын, бірақ, артынан іштей оны ақтап, кінәні өзінен іздейтін.

Соғыс келмей тұрып, жарытып тамақ ішпейтін ол бұл күндері тіптен аш құрсақ сабаққа барып жүрді. Жаздың жартысында, құрдасы Коляның бақшасында бой алған көк алма оның басты қорегіне айналған еді. Міне, енді сол пісе қоймаған жемісті қарны қампиғанша жеймін деп, іш ауруына ұрынды. Көк алма көк өтін толтырып екі күн үйде жатты.

Іші бүріп ауырғаннан, екі бүктеліп жатып қалған «бауыр еті – баласына» көңіл аударатын ана жоқ, «өлсең, өлім қаптың» сыңайын танытуда. Оны өмірге әкелгеннен соң жетілуіне жауапты екендігін ұмытқандай, тек анда-санда, көңілі көтеріңкі кезде оған тамақ жасап бергеніне ғана мәз.

Талай рет бұның артынан құрдастарының аналарының: «Байқұс баланың тағдырына алаңдаймын, шешесі жарымес қой, есі дұрыс емес адамға бала берген қай қатігез Құдайдың мазағы екен?!» – деп ашық айтқан сөздерін естіген болатын. Басында «есі дұрыс емес» дегенді дертке теңеп, оны аяп, асты-үстіне түсіп, көмектеспек ниетімен тұра ұмтылатын. Бірақ, шешесі кеудесінен итеріп немесе: «Аяғыма оратылмай әрмен жүр!» – деп зекіп тастайтын. Оның осындай әрекетінен кейін «көмегімнен гөрі тиер зияным көп

екен» – деген оймен жанашыры болуға тиіс жаннан өзін алшақ ұстайтын болды.

Қысты күндері мүлдем жуынбайтын Саня, жаз келісімен көлшіктердің көнегі балығына айналды. Сабақ аяқталған күннен, ертеден, кешке дейін су маңын торуылдайды. Оған жүзуді де ешкім үйреткен жоқ, бір-екі рет көктемде пайда болған сасық суларда балық ұстаймын деп жүріп, байқамай су астындағы шұңқырларға түсіп, батып кете жаздаған, сондай сәттердің бірінде қорқыныштан жүзіп те кетті.

Ауыл балалары мұнымен ойнағылары да келмейді, қастарына жақындап кетсе, кекетіп, мұқатып жанын қинайды. Ауыздарына келген боқтық сөздермен балағаттайды. Басындағы биттерін бетіне басып, «бит бас, әрі қаш» – деп мазақтап, аш қасқырлардай орталарына алып, төмпіштейді. Бұған қорған болар қара жоқ. Төбелесейін десе, туғалы құнарлы тамақ татпаған оның денесінде бұлтиған бұлшық ет болмайтын, бойы да аласа, күші де аздау, әркімге әлі жете бермейді. Оның үстіне, алдында өзі секілді арық сыныптасымен сайдың астында жекпе-жекке шығамын деп, тепкінің астында қалғаны да бар.

Ол күнде екіге бөлініп, неміс пен Кеңес солдаттарын сомдап, атысып ойнап жатқан балалардың қызығын сырттан бақылайды да, шет кетеді. Өйткені біледі, оны ешкім тобына қоса қоймайтындығын. Осындай шақтарда, өзін бақытсыз бейбаққа балап, шет шығып, өкініштен өзегі өртеніп, өксіп жылап алатын. Талай рет жалғыз сырласы – күнге қарап: «Көресің әлі, өскенде генерал бола-

мын, сосын олардың барлықтары алдыма келіп, дос болуымды өтінетін болады» - дейтін. Иә, ол аспандағы күнмен, сынған бөтелкенің бөлігі арқылы тілдесетін. Күнді «Күн апа» атап, жатып алып онымен армандары мен толғаныстары жөнінде сыр шертетін. Алдыңғы жолы анасы үш күндей үйге келмей кеткенде, қатты уайымдап, күннен күн сайын оның аман-есен келуін тілеген еді, ол тілегі қабылданып, шешесі қасына оралды. Содан кейін де Саня күннің құдыретіне қатты сенетін болды.

Соғыс келісімен жыл сайынғы демалыс пен оқудың орнына жұмыс істеу басталды. Көбісі алқаптарда картоп түптеп, арам шөптерін жұлса, қалғандары ел ішіндегі жалғыз ғана өнеркәсіп – май зауытында еңбек етеді. Аш құрсақ азанмен кетеді, түннің бір уағында үйге қайтады. Саня да осы май зауытында. Бұрындары жұмысқа баруға құлықсыз еді. Майдың бірнеше грамы жетпей, бұрынғы бастық қуылып, жаңа адам келгелі зауытқа қарай зытатын. Себебі, бастық бұған айрықша көңілмен қарайды. Пікірталас кезінде, басқалардың аузын аштыртпай, оның ойын білгенді қалайды. Бұрындары адам құрлы көрмейтін құрдастарының, бұған деген көзқарасы өзгергендей, кейбірі достық пейіл танытып жүр. Ауылдың атамандары Руслан мен Петр да бұған тиісе бермейді. Тіптен алдыңғы күні ләңгі тебуге оны шақырды. Сол күннен бастап Руслан, Петр, Коля және Санялардың арасы жақындай түсті. Бірақ та, үшеуінен Саняның мінезі де, ішкі жан дүнесі де өте өзгеше еді. Русланның қу да зұлым, ызақор мінезін ол түсіне бермейтін. Талай рет түні бойы ұйықтамай,

онымен ендігәрі дос болмайтын болып шешсе де, ертесімен оны көре салып, бұл ойынан айныған. Оның артынан қалай еріп кеткендігін, бұйрықтарын да бұлжытпай орындап қойғандығын байқамай қалатын. Себебі, ол Русланнан қорқатын...

Алдында Русланның айтуымен Коля мен Петр бақа ұстап әкелген болатын. Оны Руслан Гитлер деп атап, көзін ойып, аяқтарын шауып, банкіге салып әбден қинап өлтірген. Ол көшеден көрген мысықтарды да тыныш жібермейді, тас атып, қолға түскендерін тірідей ағаш бастарына дарға асып кететін. Оның талай мысықты жазалаған зұлым мінезін Черныш та сезгендей. Бір жолы Русланды көре сала ащы даусымен «мяу» етті де, зып етіп үйден атып шықты. Руслан болса, Саняның жүрегін алып:

– Көшеде қаңғып жүрген мысықтардай емес, мынауың семіз екен, оны дарға аса салу обал болар, одан да терісін сыпырып, ас қылайық?! – деді де, сүйкімсіз даусымен қарқылдай жөнелді. Оған ана екеуі де, есуастар секілді қосақтасып күлді. Саня болса, іштей Черныштың үйге қайтпауын тілеп, бозарып, көмейіне құм құйылғандай тілі де, тынысы да шықпай, ескерткіштей бір орында қатты да қалды.

Осы жылғы жазда қатарластарының көбісінің даусы жуандап, бір жылда бойлары серейіп өсіп шыға келді. Беттерін сақал-мұрт басқан. Денелерінен ерлерге тән табиғи өзгерістерді танып, өздерін ержігіттер санатына қосқан. Бұрындары ләңгі теуіп, атыс ойнайтын балалар, қазір қыздарға қырындауды да шығарған. Араларындағы кейбір

пысықтар ұнатқан жандарына жылы сезімдерін де білдіруде. Руслан болса, таныстарының бұл әрекеттерін кемшілікке теңейді. Сол себептен де, жолында қол ұстасқан ғашықтарды жолықтырса, оларды жолдастарымен ортаға алып, әбден мазақтайтын. Сондықтан шығар, оның көзінше ешкім жүректерінде орын алған алғашқы албырт сезімдерін ашып алмауға тырысатын. Саня да солардың қатарында. Оған өзінен екі жас кіші, қараторы, жасыл көзді, талдырмаш, нәзік Баллада ұнайтын. Оған деген сүйіспеншілік сезімінің қай күннен бастап жүрегін жаулағандығы да дәл бүгін болғандай ерекше есінде...

«Күннің бұлттысына қарамай, әдеттегідей, қара судың қасына қарай түсіп бара жатқанмын. Жағасы мен арнасы қамыс пен ұзын тал секілді самсап өскен арамшөпке толы судың жағасынан алыстау жерде қарайған екі баланың бойын байқадым. Жүзіп жүр дейін десем, шалпылдатып суды тепкен аяқтары көрінбейді, тек қылтиып мойынға дейін су кешіп тұр. Жақындай келе, бір-бірінің қолынан тартып, тұңғыыққа батып бара жатқан қыздар екендігіне көзім жетті. Жүгіріп келіп, шешінбестен суға ендім де, шеткісінің көйлегінен сүйреп, жағаға шығардым. Қорыққаннан көздері бақырайып, өлім аузынан ада қалған қыздардың біреуі:

— Менің атым — Баллада. Рақмет саған, сен болмағанда әпкем екеуміз батып кететін едік. Бәріне кінәлі өзім, жүзу білмеймін, соған қарамай, суға түсіп, ағыстың айдауымен жағадан тым алыстап кетіппін, құтқаруға келген әпкемнің

қолына жармасып, оны да суға ала кете жаздадым, – деп, кішкентай баладай бұртия, ақтала жөнелді.

–Түсінемін жүзу білмейсіңдер, ең болмаса, неге шынғырып, құтқаруға шақырмадыңдар? Мен басында сендерді ойнап жүрген болар деп ойлап қалсам. Көбінесе жалғыз өзім жүзгенді қалаймын, сендерді көріп, үйге қайтқым келіп те кеткен, – деген сөзіме, Баллада:

– Қорқыныштан даусымыз да құрып кетіпті, – деді де, маған әдемі күлкісімен жымиды.

«Қызық, күлген кезде бетінің сол жағында ойыс пайда болады екен! Мұндай қызды бірінші көруім, бұрын кездестірген болсам да, қазір мән беруім. Оның үстіне көзі де ерекше жасыл, жақұттай жайнап тұр. Келбеті де сүйкімді, даусы да жағымды, есімі де ерекше! Ертегіде көп кездесетін «тоғай перизаты» дәл осындай десе, күмәнсіз сенетін едім».

Қаптаған қара бұлттан күн де ерте батып, қас қарайған уақытта үшеуіміз үйге бет алдық. Жол бойы соғыс, таныс балалар жөнінде әңгімелестік. Сол кезі ауаның исі де жұпар аңқып, айнала күндегідей емес, ерекше құлпырғандай. Ішімнен «үйлері алыс болса екен, алыстай түссе екен» деп тілеумен болдым. Сол күні Балладамен әңгімелесе түсу үшін, әлемдік уақытты тоқтатуға да даяр едім. Оларды судан алып шыққалы, өзімді бағы жанған батыр, сәттілік серігі болған сері жігіт сезініп, бұрындары мән болмаған өмірімнен жақсылық жарығын байқадым. Жүрегімде де келер күнге деген сенімділік орнағандай. Енді Руслан болмақ

түгілі, дію періге қарсы шығуға дайынмын» – деп, Коляға ағымнан жарылдым.

Балладамен бір жұмыс орнында қызмет атқарамыз. Ол әрлі-берлі өткен сайын, байқатпай көзімнің қырымен шығарып салып жүрдім. Пікір-талас кезінде де оның қасында жақын тұрудың амалын іздеймін. Басында Руслан байқап қалып, жазалап жүрер деп жасқанғанмын. Бірақ, бір-екі рет оны айналшықтаған басқа жігіттерді аңғарып, қатты қызғанып, өзімді сол үшін күні бойы жазғырумен болдым. Сондықтан да, сақтық сезімді сандыққа салып, ұнататын қызымды үйіне дейін шығаратын болып шештім. Үш күн бұрын Балладаның: «Неге сен Русланға жақынсың? Достар өзара ұқсас деуші еді, сен оған мүлдем сай емессің. Русланның жүзі қандай суық еді! Оны ешкім жаратпайды ғой, бірақ бірде-біреуі қарсы шыға алмайды. Мен олармен сенің араласуыңды қаламас едім» – деген сөзінен кейін, Русланнан сылтау тауып қашқақтай бастадым. Бірнеше рет мені өзі сөзге тартпақ та болды, бұл әдіс жүзеге аспаған соң, басқа амалға көшті. Біресе Петрді, біресе Коляны жібереді, мен оларға уақытымның жоқтығын сылтаураттым. Бұл әрекетіме ол намыстанып, бірнеше апта қасыма мүлдем жақындамай қойды. Одан оңайлықпен құтыла алмайтындығымды жақсы білемін, мені ұрып, қоқан-лоққы көрсетіп, бопсалауы да әбден мүмкін, мен оған да дайынмын. Өйткені, Руслан жеке өкпесін ешқашан еш кетірмейді.

Ертемен бәрінен бұрын зауытқа келіп, бастықтың алдынан тосып алып, міндетті түрде аман-

дасуды әдетке айналдырғанмын. Туғалы жат түгіл, жақынның да жылуын көрмеген мен үшін, оның жылы қарым-қатынасы мені қуантатын. Ол өміріме енгелі, ес білгелі көрмеген әкеммен қауышқандай болатынмын. Реті келгенде, одан өзін «әке» деп атауыма рұқсат беруін сұрадым.

Сағат сегіздердің шамасында, Балладаның жұмысқа келмегенін байқап, ішім бір бүлікті сезіп, бастықтан жарты сағатқа сұранып, ол тұратын жаққа қарай асықтым. Жұмыстан кешігу оған жат әдет. Тағы бір алаңдататын жағдай – Руслан мен Петрдің жоқтығы. Колядан сұрап едім, ол: «Военкоматқа кеткен» – деп, түсінер-түсінбес мұрын түбінен міңгірледі.

Жүгіріп отырып, Балладаның көшесіне де таядым. Бір мезетте, сол жаққа қарай бұрылатын қоңыр дарбаза мен үлкен ағаштың ортасынан шыққан таныс дауысты естідім. Иә, бұл Балладаның: «Сүмелек, жібер» – деген даусы болатын. Жетіп барсам, менің бұрынғы достарым, қызды орталарына алып, аш бөрідей айналдыра, көйлегінен тартқыштап, соған мәз бола, қарқылдап жүр. Тал түсте олардың мұндай сұмдыққа баратындығын ойламаппын. Оларды көріп, сасып қалдым. Қайтадан көмейіме құм құйылғандай тілім де, тынысым да тарылып, ескерткіштей бір орында қаттым да қалдым. Біраздан соң Русланның: «Бағы ашылған батырсымақ келді» – деген мысқылы есімді жидырды. Бар күшіммен лезде жүгіріп барып, Петрды басынан жұдырығыммен ұрып құлаттым да, Русланға қарай төне түстім. Әп-сәтте төнген қауіпке ол саспай, мені өзіне жеткізбей-ақ кеудем-



нен бір тепті. Аяғының күші кеудемнің жоғарғы жағына тиіп, тынысым тарылып, қара топырақты сүзе, тала жығылдым. Одан әрі жан-жағымдағы абыр-сабыр аяқ дыбыстарын естігеніммен, орнымнан тұруға күш таппай, жерді жастанып жата бердім. Бір-екі минуттың арасында қатты шыққан шуға ауыл адамдары да жиналды. Менен үш жас кіші екі бала келіп, сүйемелдеп, орнымнан тұрғызып жіберді. Артынан Балладаның көзінше жер болып, зауытқа да жеттім. Келген бетте бастық бүгінгі оқиғаның кейіпкерлерін оңаша алып, Руслан мен Петрдің теріс қылықтыран сөге түсті. Бағана ғана қорғансыз қызды қоршауға алған қорқаулар, зауыт бастығының көзінше құйрықтарын қыса қойған. Тек бастықтың ашулы шыққан сөздеріне жауап бере алмай, дымы құрып тұрған Русланның жаушыл жанарынан ыза ұшқынын көрдім.

Сол оқиғадан кейін Баллада екеуміздің арамыз суып кетті. Оны аналардан қорғай алмағандығыма бір жағынан намыстанып, бір жағынан ұялып, одан әрі достастығымызды жалғастыруды жөн көрмедім. Қаншама түн оның қасына жақындап, қолынан ұстауды, жазықтай жап-жасыл көздерінің рахатына батуды аңсасам да, дәтім жетпеді. Тек алыстан армандап, іштей сағыныштың сары уайымына салынып жүре бердім. Анда-санда, жасқаншақ мінезіме жыным ұстам, өз-өзімді ұрсып та аламын.



## Бесінші тарау



Бүгін күн көтерілісімен ай сайын ауданнан ат терлете келетін арнайы тексеру комиссия мүшелері зауытқа жетті. Ондағы жұмыстары – отыз күн өңделген май нормасының кіріс-шығысының шама есебіне жету. Бұл тексерістің тірлігіне төселгеніме бірнеше жылдардың жүзі де болып қапты. Түгеннен талай таза шығып, зауыт төрінде тізілген наградаларға да іліккенбіз. Бұл жетістіктердің бәрі жалындаған, жасампаз жастарымның арқасында. Шеттерінен барлығы шыншыл, шымыр. Сол себептен шығар, соңғы уақытта өзім олардың қызметтерін қатты қадағаламаймын, тек алыстан бағыт беріп бақылауға көшкенмін. Олардың көшбасшысы, менің көмекшім қылып, болмысы адал – Саняны тағайындап қойдым. Кезінде жалғыз атқарған міндеттерімді бүгінде бір өзі-ақ тындырып жүр. Майды нормасына сай алу, өткізуді де ол жасайды.

Кешке сегіздер шамасында комиссия төрағасы – Ғалым есімді қазақ бауырым, мені жеке шығарып алып, бәленбай килограмм майдың өңделгенінің, бірақ қорға өткізілмей, жоғалғандығы туралы хабарлады. Ол осы аптадан қалмай, тексеру қорытындысы туралы актіні ауданға тапсыру керектігін, бүкіл былық ашылса, менің басым кететіндігін де айтты. Қазіргі заңдарға сәйкес, бұл ұрлық үшін «халық жауы» атанып, атылып кету

мүмкіндігін ескертіп, сондықтан қылмысқа қатысы бар адамдардың аттарын ертең түске дейін жазып беруімді талап етті. Комиссия мүшелері басында жауапты тұлға ретінде мені кінәлі санап, қарызды менің атыма аударған, бірақ, Ғалымның өтінуімен, бұл бұзушылыққа басқалардың да қатысы барлығын анықтау шарасын бастауға көніккен көрінеді. Оның үстіне жеке ісімдегі қызмет туралы тізбекте жетістіктер мен мадақтар жазылған парақтың қалыңдығын елеп, менің ақталуыма мүмкіндік берген.

Расында да, мен мұндайға дайын емес едім. Кенеттен баз біреу үстіме суық су шашып жібергендей күй кештім. Атылып кетсем, Нәзипам мен екі қызым не болмақ?! Өмірбақи «халық жауының тұяғы» деген бір жағылса күйедей кете қоймас қара тізімге ілінбекші ме? Ес білер адамның аузы бара қоймайтын қаралы атақты арқаланып өмір кешкенше, өле қалғаның жақсырақ! Олар тек мені атып тынбайды ғой, артымнан ерген жарым мен жандарыма да иттік жасайды. Сібір мен адам аяғы жетпес, барса келмес жазалау лагерьлеріне айдайды. Болашақта білім алу мен жұмыс жасаудан жұрдай қылады.

Мыңдаған Гитлер жендеттерімен атысканда, бұлай қорықпаған шығармын. Бөлменің жылылығына қарамай, денем түршігіп, иегім дірілдеп, сарышұнақ аяздың шырмауына түскендей қалшылдай бастадым. Тұла бойыма қосыла, миым да солқылдауда. Олардың қарамағына мен ілікпейін десем, май өндірісіне жанама жауапты, менің көмекшім – Саняны ұстап беруім керек. Құжаттарға

қолды қойғаныммен, маңызды міндеттерді тікелей ол атқарды. Майды өткізіп-алған да нақ өзі. Ғалымның айтуынша, осы әрекетті дәлелдейтін екі-үш куәгер де жетіп жатыр, қалғанын өзі қағаз арқылы тындырмақшы. Осылайша, айыпты менен әрмен алып, көмекшіме артпақшы.

Он сегізге әлі толмаған, қаршадай баланы қалай ұстап беремін? Бұл әрекетім жастықты жалмаған жауыздықпен пара-пар. Біз ашаршылық пен соғыстан көз ашпай, өмірдің қаймағына қанықпасақ та, артымыздан ерген, Санядай жақсы жастар ғажайып ғұмыр кешуге әбден лайық және тиіс! Оның үстіне, ұрлық жасау оның мінезіне жат қылық. Бәлкім, біреулер ақкөңіл баланы алдап соққан шығар? Немесе Руслан секілді артынан тіс қайрағандар өшін алды ма екен? Тіптен болмаса, қарын қамы қамшылаған, тамақ ішуге зәру жандардың кейбірі тығып, ауызға үкімет майын басқан шығар? Оны бір Құдайдың өзі біледі! Ал, түске дейін жазықсыз жанның есімін жазып, өзім «сүттен ақ, судан таза» кейіп кие алмаспын! Оған ішкі жан-дүнием мен ар-ожданым мүлдем қарсы. «Жазмыштан озмыш жоқ», неміс оғынан өлмесем де, көсем көріне көмілу жазылған шығар, оған да көнігерміз, енді қайтерміз?!

Түсті күтуді, зауытты шырқыратып, тексеріс ашуды жаным қаламай, үйге қайтпастан, Ғалымның жалғыз қалуын күтіп, алдына бардым. Оған өзімнің шешімімді айттым: «Жапырақтай жанымды шүберекке түйіп алдыңа келгендегі мақсатым, қара басымды сауғалау емес, бөгде жанды жарға итеру емес, бүкіл айыпты өзім көтеру» – деп

ағымнан жарылдым. Ол болса, жанұямды алға тартып, ойымды өзгертуімді ұзақ сұрады. Көмекшім Саняның кәмелетке толмағандығын, сол себептен оған аса ауыр жаза қолданбайтындығын, ал менің бостан-босқа атылып кететіндігімді қайталады. Бұрыннан іштей бір түйінге келсем, қайтпайтын мінезім бар. Өз дегенімнен айнымай тұрып алдым. Қатарға жаңадан қосылып, әскер ережесін бұлжытпай орындағысы келетін сарбаздай қалшыып, міз бақпаймын. Орнымнан сәл қозғалып кетсем, ішімдегі сезім сыртқа шығып кете ме деп алаңдап тұрмын. Біраздан соң, оның қиыла сұрауынан ұялып, алдымда тұрған ескі қоңыр орындықты шиқылдатып, бар салмағыммен отыра кеттім.

Ғалым орта жастағы, қой көзді, жылы жүзді, қараторы жігіт. Аузынан шыққан лебіздерінен аса ақылдылық пен жасына қарамай дарыған даналықты байқайсың. Өзінің маған жаны ашып отыр. Сондықтан шығар, оған ерекше жүрегім елжіреп, ағалық алғысымды аямай арнадым. Екеуміз түннің бел ортасына дейін сырластық. Мен соңғы сөзімді жеткізіп, қоңыр орындықты шиық еткізіп, орнымнан тұрып бара жатқаным сол еді, Ғалым лезде білегімнен тартып, есіктің тұтқасына қол жетім жерден тоқтатып алды да:

– Сіз – қазақсыз, мен – қазақпын! Екеуміз екі жақтан шыққанымызбен, арғы түбіміз бен ұямыз бір. Мен бүкіл халықты ұнатамын, бірақ қазақты жаным мен жүрегім сүйеді. Атамекеннен алыс аймақта адасып жүріп, кездескен қазақты қазақ құртса, Құдай ұрар! Қолымнан келгенше сіздің

басыңызды аман алып қалуға бар күш-қайратым мен айла-тәсілімді салармын» – деді, сосын маған алғыс айтқызбастан:

– Сіз ішкі болмысыңызға адал адам екенсіз! Сапарымда сіздей адамгершілігі биік бауырымды жолықтырғанымға қуанып тұрмын. Қош болыңыз! – деп, қолымды қысып, жөніме жіберді.

Артынан маған жеткені – Ғалым басын бәйгіге сала жүріп, қасындағылармен келісіп, қағаздағы есептерді ебін тауып өзгерткен. Тек алдыңғы екі айда еселеп жұмыс жасап, ұрланған майдың нормасын толтыруға уәделестік. Тексерістің теріс нәтижесі туралы, Нәзипадан басқа бір жан білмей өтті. Осы оқиғадан кейін, ұмытылмас сабақ алып, қатаң қадағалауды жаңғыртып, өндіріс тізгінін өз қолыма қайтардым.

Саняның жастығына қарамай жауапкершілікті шамадан тыс артық бергенімді де артынан түсініп, көмекшіліктен алып, бас мамандар қатарына қостым. Сонымен қатар, менің басымды бәлеге батырған ұрлықшылардың артын ақырын ғана аудитынды шығардым. Қаншама рет тышқан тұзағындай амал жасағанмен, қолыма түспей қойды. Бір байқағаным, Саня көмекшіліктен кеткен соң, май ұрлану ісі мүлдем қайталанбады. Артынан ұрлықшылардың түптеген мақсаттары – Саняға қиянат жасау сыңайлары деп шештім. Олар май жетіспеушілігін ертелі-кеш басшылық анықтап, оған жаза қолданады деп дәметкендері де анық. Соған қарағанда, бүлікті іске асырғандар Руслан бастаған үштік деп болжадым. Келешекте осындай оқыс оқиғаның алдын алу ойымен, Руслан, Петр, Коляны басқа жұмыс орнына ауыстырып жібердім.

## Алтыншы тарау



Жаман жолдарды артқа тастап, төрт дөңгелек темірмен төңіректі көк түтін мен тарсылға орап келе жатқанымызға бірталай күн болды. Елден шыққалы аузын жаппаған көлік жүргізушінің жағы – шұбырған сөзден емес, шоқалақ жолдардан шаршағандай. Олай дейтінім, бағанадан бері біресе ән, біресе әңгіме әуілдеткен оның үні енді өшкен.

Таңның жарығымен ұйқым келіп, есіней бастадым. Осы кезде, көзіме үйдегі ұлпак көпшігім мен көрпем елестеп, көліктің қреслосынан құтылуды аңсадым. Шіркін-ай, қазір кең керуетімде керіліп жатқанға не жетсін!

Ел ағасына айналып, егде жас ауыртпалығы арқама салмақ артқандай, кейінгі уақыттарда жиі шаршап-шалдығатын болып жүрмін. Қайтып келмес қайран жастық шақтағы қажыр-қайрат бүгіндері сарқылғандай. Алдымен ашаршылықпен, артынан соғыспен арпалысамын деп, өлшеулі өмір шыңына өрмелей шығып қалғандығымды да байқамай қалыппын! Бұл күндері самайға ақ шаш шығып, бетім әжімдермен әрленген. Бір мезетте, жаныма жақын жандардың елестері көз алдымда көлбеңдеп тұрып алды. Кеудемді керген күйік сезімді сыртқа сыпыру үшін «Уһ» деп күрсініп қоямын.

Әттең, қиындығы мен қызығы біте қоймаған, қамшының сабындай, қысқа ғұмыр-ай! Әкем мен анамнан, әжем мен қарындасымнан ажыратып алып, мені аласапыран асау ағысқа итердің де жібердің!

Кешке жуық Камышев қаласына да жетіп қалдық. Бұрындары тас түнек болып тұратын қаланың көркі осы күндері адам танымастай өзгеріп, көшелерге жарық тартылып, жарқырай түскен. Бас көшелердің шетінде қабырғасы қисайып, құлауға шақ тұрған ескі үй көзіме оттай басылды. Бұл атамекеннен алыстап, жат жерде жаныма жылу, басыма пана берген шаңырақ болатын. Қазір мұнда менің жас досым – Иван бала-шағасымен тұрып жатыр. Фатима апайымның құтты шаңырағынан менен бөлек тағы бір жетім пана тауып, жанұя өрбітті.

Жастығымды өткізген Камышев қаласына жол тарту – көптен күткен сапарым. Басты мақсат – қарындасымды іздеп-табу. Оның үстіне, алдында Иван хабарласып, шоланда жиналған ескі құжаттарды түгендеп жатып, менің атыма келген хатты тауып алғандығын айтты. Менің келісіміммен ашып, артынан ол қағазда қарындасым туралы ақпарат жазылғандығын жеткізді. Мен ол жерден қоныс аударғаннан кейін келген хат көрінеді.

Ұзақ жатып қалған аппақ қағаз сарғайып, қаламмен терген әдемі әріптердің кейбірі ілгері жылжыған жылдар ағысына төтеп бере алмай өше бастаған.



«Сіздің қарындасыңыз тірі. Ол біздің қасымызда. Келіп, хал-жағдайын біліп кетсеңіз болады. Лада.» – деп жазылған жолдарды оқып болғанша, жүрегім кеудемнен ытқып шығардай күй кештім. Қобалжығаннан қасымда тұрған Иванға: «Рақмет, рақмет, рақмет» – деп қайталай беріппін. Күні бойы ас батпай, қара судан басқа нәр татпадым. Енді хаттағы кері мекен-жайға бармайынша жаным да жай таппайтындығы өзіме аян. Иван екеуміз жолға екі сағаттан кейін шығатын болып шештік.

Бұрындары Мұқилашты іздеу үшін, жер жүзін жеті айналамын деп жүрген мен, Камышев қаласынан жүз шақырымдай алшақ жатқан кішкентай ауылға да аяқ баспаппын ғой! Сонда жалғыз бауырыма деген сезімді, осыншама жылдар іспен дәлелдей алмағандығым ба?! Ашаршылықта тамақты, соғыста өлімді, жұмыста еңбекті жеңіппін де, қарындасым екеумізді айырған жүз шақырым жерді жеңе алмағаным ба?!

Мұқилашым-ау, жарқыным, онсыз да тар дүние сенің қара көздерің мен бұйра шаштарыңсыз маған құттай көрінді! Күйбең тіршілікпен күресем деп жүріп, ағаңның сені тым кеш іздегенін кеше гөр! Алда қауышып жатсақ, қуанышымның тасығаны деп күбірлеп қоямын.

Хатта көрсетілген ауылға біз ымырт түсе жеттік. Шағын ауыл болған соң, керек үйді көп қиналмай лезде таптық. Сырты әбден әктеліп, әдемі күйге келтірілген, дарбазаның сыртынан алуан түсті гүлдер де көрінеді. Кез келген нәрсенің

сыртына қарап, иесі жөнінде белгілі бір пікір қалыптасады, міне қазір үйдің сыртында тұрып, үйдегі ошақ анасының тазалық сүйгіш, ұқыпты мінезін айқындадым. Көптен күткен кездесу, дәл қазір іске асатындығына әлі сенімсіздік танытып, тыпыршып тұрмын. Үйге жақындай бергенде, аба-лап шапқан ала иттердің даусы даланы жаңғыртты. Біз дауыстап шақырмай-ақ, көшеге үй иесі шыға келді. Оны көре салып, бағанадан бері көңіліме ұялаған күмән күшесі түсті, өйткені мен күткен үй иесі бұл емес еді. Менің қарындасымды ілестіріп алып кеткен адамдардың сыртқы бейнесі санамда мәңгілікке сақталып қалған. Ал, бұл адам ол емес! Мынау өте жас! Маған керек кісілер кезінде менің әкеммен жастас көрінген, қазір қаусаған қартқа айналғандары хақ. Белгісіз жан өзін таныстырып, бұл үйге үш жыл бұрын көшкендігін, бұрынғы иелері жөнінде беймәлім екендігін айтты. Сапарымыздың мақсатын естігеннен кейін, сәл болса да септігі тиер ме деп, осы ауылдың көнекөз тұрғыны, екі үй төмен тұратын көршісі – Маша апайға ертіп апарды.

Маша апай менің қолымдағы ескі хаттың сыртындағы есімді оқыды да, ішін ашып көрместен:

– Ақыры жазыпты ғой! Мен оның жауап қайтаратынына сенімсіз болғанмын. Сіз Марусяның туған ағасы болдыңыз ғой?! Жүздеріңіз бен жанарларыңыз ұқсайды екен, – деп, миығымен күлгендей көрінді. Артынша:

– Ол өте әдемі қыз болып өсті. Біз оны сырттай «Белоснежка» дейтінбіз. Оның көздері

көмірдей қап-қара, бет терісі сүттей аппақ, ал шаштары бұйра еді, бір сөзбен айтқанда, өзі көрікті және аса ақылды. Ауылдастар ұзақ уақыт оның қай ұлттан екендігін анықтай алмай жүрді... Қазақ екен ғой! Бәсе, Лада шешесіне барған сапарынан ертіп әкелген. Біздің сұрақтарымызға: «Ауылға келе жатқанда жолдан тауып алдым, босқындардың баласы болуы керек» – дейтін. Қыз орысша сөйлей алмағандықтан мүлдем тіл қатпайтын. Ладамен бір мектепте ұзақ жыл бірге қызмет атқардық. Мен орыс тілі мен әдебиетінің, ал ол болса музыка пәнінің мұғалімі, біздің ауылдың бұлбұлы еді! Күйеуі Миша – керемет жан, қолынан келмейтін дүниесі болмайтын, сол үшін де орталықтағы зауыттың бірінде беделді қызмет атқарды. «Жақсыдан тұяқ қалмас» дегендей, екеуі көп жылдар баласыз күн кешті. Мишаның шешесі Ладаны тастап, басқа әйел ал дегенге де көнікпей кетті. Жарықтық оның даусына ғашық еді! Соғыс басталардың алдында, Ладаға мектеп директоры ауданнан арнайы хат келгендігін және Марусяның туған ағасы іздеу салғандығын хабарлаған болатын. Ол сол кездері қатты қайғырып, сен асыранды қызын алып қоярдай қорқып жүрді. Естуімше, артынан күйеуінің беделді таныстары арқылы жалған жауап хат жазған. Оның сенің қолыңдағы хатты жазуына немене түрткі болды екен? Өлде, Мишаның жоғалуы әсер етті ме? Миша қызын қатты, жанындай жақсы көретін, мүмкін, кезінде Лада өзі емес, жарының бастауымен жалған жауап беруді ұйғарған шығар», – деп сөзін жалғастырды.

Соның арасынша әлгі кісі үйге кіріп, фотоальбом алып шықты. Көрсеткен суреттердің ішінен, қарындасымды алып кеткен адамдарды айнымай таныдым.

– Мына соғыс келіп, қаншама шаңырақты шайқалтты. Солай Миша да майданға кетіп, оралған жоқ. Жоғалғандар тізімінде жүрді. Лада жарын соғыс біткен соң да бірталай жыл сарғайа күтті. Тек Маруся кәсіби білім алу мекемесін бітірген соң, Алматыға шешесінің үйіне қоныс аударды. Енді оларды тек сол жақтан табарсыз, – деді. Менің күрт түскен көңілімді байқап, жұбату ниетімен:

– Ешнәрседен күдер үзбеңіз, Марусяны әлі табасыз, құшағыңызға алып, қысарсыз. Құдайға шүкір, ержетті, білім алды, жақсы жандардың қызы атанды. Сол үшін де налымаңыз. Тауып жатсаңыз, сынып жетекшісі Мария апайынан дұғай сәлем айтып, бетінен сүйіңіз, – деді де менімен қоштасты.

Қарындасымның ізі түскен елді-мекеннен түннің бел ортасына таман шықтық. Аспанда жымындаған жұлдыздар. Жол бойы Иван екеуміз жақ ашпадық. Өркім өздігінше сергелдең ойдың сарсаңына түсті.

Үкілеген үмітім үзіліп, салы суға кеткен сорлы кейпінде үйге оралдым. Табалдырықтан аттамай жаттып, бәрін сезген Нәзипам, асты-үстіме түсіп, жылы сөздерімен демеп әлек. Сапарымның сәтсіз болу себептерін естігеннен кейін, үй ішімізбен іздестіруді жалғастыратын болып шештік. Ол үшін

бала кезімде, тағдырдың тәлкегімен шет кеткен туған елімнің шекарасын аттап, қарындасымды табудың жаңа жолдарын қарастыру керек. Осылайша, өзіме берген сертімді және әкемнің ақтық аманатын орындап, ағалық пен балалық маңызды міндеттен құтылмақпын.

Аптаның ортасына таман жүктер мен құжаттарымды жинастырып, Гурьев қаласына аттанып кеттім. Соңғы кездері түсімде көріп, сағынып жүрген Ақжайығымның жағасында орын тепкен қалада бір күн кідіріп, Алматыға қарай бағыт алдым. Қазақ жерінің ең төмен нүктесінен, Хан Тәңірі секілді аса биік белесіне, батыстан, оңтүстікке жол тарттым.

Ұлы жүздің мекеніне айналған, жер жаннаты – Жетісу жөнінде жастайымнан құлаққағыспын. Ашаршылықтың алдында, аталарымыз ол жақтың адамға қолайлы ауа-райы мен бұлттармен ұштасып жатқан таңғажайып таулары туралы ылғи да айтып отыратын. Жетісу жеріне аса бір асығыстық, жанымды құмартқан қызығушылықпен келе жатырмын. Жол үш күнге созылды. Басында ұзақ сапар жалықтырып жіберетін шығар деп уайымдап едім, олай болмады, таңнан, кеш батқанға дейін елімнің кең байтақ, алуан түрлі табиғатын тамашалап, керемет көріністерге көзім тоймай келді. Оның үстінде қасыма әңгімешіл Ыбырай отырып, саяхатым қызықты сапарға айналды. Оның мамандығы археолог екен, бармаған, көрмеген жері жоқ. Кездестірген жер жұмбақтарын жайып, бұрынсоңды елден естімеген ақпараттарымен бөлісті.

Ақжайық даласына, осы жақтағы қалмақ-жоңғар қақтығыстарынан қалған қорғандарды зерттеу үшін келіпті. Әңгіме барысында, кіші жүздің батырларын тізбектеп, мені таң қалдырды. Мен оған әжемнен естіген, ауылымдағы Мырзакелді батыр туралы аңызды айттым. Ол оны өзінің қойын кітапшасына түртіп алды. Екеуміз жол бойы әңгіме-дүкен құрып, Алматыға қалай жетіп қалғандығымызды да байқамай қалдық. Қазақ пен қазақ қосылса, туысқандық табады демекші, екеуміздің үш күнде әуеніміз әбден жарасып, бір-бірімізге бауыр басып қалыппыз. Сондықтан да, Ыбырай менің қонақүйге баруыма түбегейлі қарсы болып, өз шаңырағына ертіп әкетті. Ол маған қарындасымды табуға қолдау көрсетемін деп уәде берді.

Алматы таудың етегінде орын алған, мен көрген ең керемет қала болып шықты. Жасыл ағаштар мен гүлге оранған шаһарды Алатау алақанына алған. Күні-түні қыбыр-жыбыр тыным таппаған тіршілік, сан түрлі халық. Тау шатқалдары мен бұрын тек кітаптан оқыған бұлқынған бұлақтарды көріп, ерекше энергия алдым. Шарын, Түрген жерлерін тамашаладым. Түрген шатқалынан әдемі бір қызғылт тау тасын тауып, естелік және тұмар ретінде төсқалтама салып алдым. Осындай ертегідей ғажап, кең байтақ жерімізді бізге мұра қылып тастап кеткен ата-баба аруағынан сан айналдым! Ыбырай маған Алматының қаламмен жазып, сөзбен айтып жеткізе алмас, көрікті жерлерімен бірнеше күн таныстырып

біткен соң, Мұқилашты іздеу ісін бастады. Маша апайдың айтуымен жазып алған деректер бойынша, алып қаладан біз Маруся Михаиловнаны табуға тырыстық...

Қартайа түстім бе, бұрындары жаным сүймейтін қарлы қысқа бүйрегім бұрғандай. Жұмысқа да барғым келмейді, өткен-кеткенді еске алып, үйде отырамын. Терезе алдындағы қайыңның көлеңкесіне ыға, намазға жығылуды да бастағанмын. Жылдар жылжи, жүрегім «шаршадым, шаршадым» деп соза, бәсеңдеу соққандай. Кейде алақандай мүшемнің неден жалыққандығын зерделей бастаймын. Соңында тұшымды түйін таппай, санамды шаршатамын. Кейде жалғыз досымның күлкілі қылықтары есіме түсіп, есінен адасқан адамдай, рахаттанып күліп аламын.

Васян досым соғыс аяқталысымен, Украинаны қалыпқа келтіремін деп сұранып, ата-бабасы шыққан жаққа кетті. Екеуіміз ылғи хат алмасып тұрамыз. Менің «Жерің үшін жалғыз досыңды жапанға тастап қалай кеткенің?!» – сынды қалжың аралас сұрақтарыма: «Өзің ғой бәрін құртқан! Украинаның көз тоймас тамаша табиғаты мен тартымды келіншектері жөнінде жағың талғанша жырлап! Одан қалса көгершіндер туралы әнін шырқап, сен көрген ата қоныс жерімді өзім көрейін, сен айтқан халқымның әнін, өзім салайын деп кеттім! Қатты сағынсаң келмейсің бе?! Қисық, қатпар басқан жүзімді көрмейсің бе?!» – деп баяғы әдетіне сала, әзіл хат жазады.

Екеумізді түнек тағдыр қилы тарам жолға салды, енді тоғыстыратына күмәнім бар! Бір жолдары оның ізімен асқар таулар астанасы – Алматы асып едім, бағым ашылмай, зор дәмем жер жастанып, елге оралдым. Сол сапарымда оны табатындығыма түбегейлі сенімді болғанмын. Қарындасымды кішкентай кездердегідей құшағыма қысып, бұйраланған паштарын саусақтарыммен тарап жатқаным көзіме елес болып қонған еді, сол елес, елес күйінде қалып қойды. Амал нешік, енді бір-ақ жол – жаратқанның алдында жолығу, бұл жалғаннан жоғалтып алған жақұтым!

Бұл күндері көздерімнен күш кетіп, күні-түні қараңғылыққа батып, соқырдың кейпін кидім. Таныстарымды тек дауыстары арқылы ажыратып жатамын. Бүгін келген немерелерімнен бірнеше рет қайталап аттарын сұрап, кімнің кім екендігін жаттап әуремін. Олар көбінесе әжесіне үйір, келгелі Нәзипаның қасына окоптағы солдаттардай тізіле жатып, ертегілер мен батырлар жырын қорыл басқанша тыңдайды. Іштеріндегі ең кішкентайы төрт жасар немерем ғана мені айналшықтап, ананы мынаны сұрағанға әуес. Жасына қарамай бәрінен зерек осы бүлдіршін.

Бүгін бізде екі той – Саня зауыттың директоры лауазымына тағайындалды және менің мерейтойым. Соған орай, үлкен дастархан жайылып, көрші-қолаң, қыздарым мен немерелерім жиналып жатыр. Васян да келуі керек болатын, бірақ аяқ астынан жүрек талмасы ұстап, жатып қалған. Аса ныжағатпен күткен досымның келмеуі мені



еңсіретіп тастады. Осы халімді Нәзипа да, Саняға тұрмысқа шығып, келінім емес, қызымдай болып кеткен Баллада да түсініп, менің көңілімді көтеру үшін, асты-үстіме түсіп бағуда. Қонақтардың артын күтіп мен отырмын. Отырыстың ортасына таман, қалың ойдан қалжырап, рұқсат сұрап жатын бөлмеге беттедім. Басым жастыққа тиісімен, аяқ қолым созыла, қалың ұйқыға кеттім...

Мұқилашым, таптым сені, қаншама іздеп таптым-ау сені, ботқаным, қарындасым! Селік еттім... Жансыз жанарымнан жас сауғалап жатыр... Сағынышым ыстық жас боп толассыз тамшылап жатыр... Қасымда тұрған кішкентай нәзік денені құшағыма қысып, еңбегінен сипай бердім, сипай бердім...

Құшағымда тұрған төрт жасар немерем – Мұқилаштың: «Ата-ау, сіз емес, мен таптым!» - деген сөзі ғана сол тәтті түсті өңге айналдырды.





*Демеушілік көрсеткен  
Аралбай Назарұлына  
ризашылығымды  
білдіремін*





**Кабдолашева  
Гулмарал Наурызбаевна**

**МҰҚИЛАШЫМ – МЕНІҢ МҰҢЫМ**

*(Көркем шығарма)*





Редакторы: *Тұрдақын Жексенбай*  
Корректоры: *Айнакулова*  
*Айгерим Мәжитовна*  
Техникалық  
редакторы: *Нақыпов Мұрат*

Басуға 25.01.2018 жыл қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз №1.  
Көлемі 6,8 б.т. RISO басылыс.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 08.

ЖШС «Жания-Полиграф» баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 58, оф. 114.  
Тел. 8 777 363 10 61, 8 702 320 03 49.

